

ЗАН



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

№10 | 2025

ZANMEDIA.KZ

Қайржан
ИМАНОВА,
жоғары санатты
заңгер:

«СОТ ТӨРЕЛІГІ
«КОНВЕЙЕРГЕ»
АЙНАЛМАУЫ
КЕРЕК»



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№10 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,

з.ғ.д., профессор

К. АЙТХОЖИН,

д.ю.н., профессор

Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,

з.ғ.д., профессор

Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

К. МАУЛЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

С. СӘБІКЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

Қ. ДОСАЛИЕВ,

з.ғ.д., профессор

В. ШУМИЛОВ,

Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

«Сот төрелігі «конвейерге» айналмауы керек»

Т. ИБАШЕВА 3

ЛИШЕНИЕ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ В КАЗАХСТАНЕ

Г. НУРАХМЕТОВА 8

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ

Ғ. ТЕЛЕУЕВ 11

ОСНОВАНИЯ ДЛЯ ВОЗВРАТА ЖАЛОБ

Ш. ЕРГАЛИЕВА 13

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Е. ЕРЖАНҰЛЫ 16

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

А. МОЛДАҒАЛИЕВА 25

ҚАЗҰУ — ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕДІ

А. УРИСБАЕВА 27

ВОЗМЕЩЕНИЕ ВРЕДА ВСПЕДСТВИЕ НЕЗАКОННЫХ РЕШЕНИЙ

Ж. ОМАРОВ 29

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Г. КАСЫМБАЕВА 31

ПОДСУДНОСТЬ ПО ДЕЛАМ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Г. ТОЛЕУБАЕВА 33

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ДАУЛАРДЫҢ ҚАРАЛУЫ

Д. БУЛТЫКОВА 35

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

А. КУАНЫШБЕКОВА 37

ПОНЯТИЕ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА И ЕГО ПРОГРЕСС

Л. АЛИЕВ 39

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНДАРҒА ЖАЗА АУЫР

Н. АЛИМБЕКОВ 41

СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚ

А. ЖАУАРОВА 43

АДАМ ӨМІРІ — ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Д. БЕЙСОВ 45

ОТБАСЫН САҚТАУ — ҚОҒАМДЫ САҚТАУ

С. АБСАМАТОВ 48

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ТӘРТІБІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Ә. БАЙСОЛТАНОВА 50

ҚАЙРЖАН ИМАНОВА, ЖОҒАРЫ САНАТТЫ ЗАҢГЕР:

«СОТ ТӨРЕЛІГІ «КОНВЕЙЕРГЕ» АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК»

ҚАЙРЖАН ИМАНОВА ЗАҢ САЛАСЫНА КЕЗДЕЙСОҚ КЕЛГЕН ЖОҚ. ЗАҢГЕРЛІК ОНЫҢ БАЛА КҮНГІ АРМАНЫ. ОҚУШЫ КЕЗІНЕН ӨЗІНІҢ БОЛАШАҒЫН СОТПЕН БАЙЛАНЫСТЫРДЫ. АЛАЙДА, МЕКТЕП БІТІРГЕН СОҢ ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНІҢ МҰҒАЛІМІ МАМАНДЫҒЫН АЛЫП, АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫН ҰСТАЗДЫҚТАН БАСТАДЫ. БОЛАШАҚ СУДЬЯ ҮШІН БҰЛ ӨТЕ ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫҚ. ҚАЙРЖАН ӨМІРЗАҚҚЫЗЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ОНЫҢ «ТАҒДЫР ЖАЗДЫ, МЕН КӨНДІМ» ДЕЙТІН АДАМДАР ҚАТАРЫНАН ЕМЕСТІГІН БАЙҚАТАДЫ.

ОЛ БАЛА КЕЗГІ АРМАНЫНА АДАЛДЫҚ ТАНЫТЫП, ЗАҢГЕР МАМАНДЫҒЫН АЛДЫ. СОТ МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТШЫСЫ БОЛЫП, МОЛ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАДЫ, САЛАДАҒЫ БІЛІМ-БІЛГІН ӘБДЕН ШЫҢДАДЫ. ҮШ БАЛАСЫН ЖЕТІЛДІРЕ ЖҮРІП, ОҚЫП-ІЗДЕНУДЕН ЖАЛЫҚПАДЫ. ОЛ СУДЬЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН СЕЗІНІП, ДАЙЫН БОЛЫП КЕЛДІ. ҚАЙРЖАН ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУМАСЫ, ОНЫҢ ӘКЕСІ ӨМІРЗАҚ ТҰРСЫНОВ МАЛ ДӘРІГЕРІ, АЛ АНАСЫ НҰРЖАМАЛ ДӘУРЕНБЕКОВА МҰҒАЛІМ. ҚАЙРЖАН ИМАНОВА ҚАЗІРГІ КҮНІ ТӘЖІРИБЕЛІ ӘРІ ЖОҒАРЫ САНАТТЫ ЗАҢГЕР. БҮГІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН, ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ОЛАРМЕН ЕТЕНЕ АРАЛАСЫП ҚОРҒАП ЖҮР.



– Алғашқы еңбек жолыңыз ұстаздықтан басталыпты, мұғалімнің судьялыққа келуіне қандай жағдай себеп болды?

– Мұның басты себебін бала кезгі арманыммен тікелей байланыстыруға болады. 7-сыныпта оқып жүргенімде әкеме «Мен судья боламын, қылмыскерлерді жазалаймын» дегенім есімде. Бұл сөзді нақты қандай жағдайға байланысты айтқанымды білмеймін, бірақ, осы әңгіме менің жадыма терең із қалдырып, нық орнықты. Көп жағдайда адамның ойлағаны бола бермейтіні өмір заңдылығы, мектеп бітірген соң орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығында оқып, қазіргі Ұлытау облысының Сәтбаев қаласында №3 орта мектепте сабақ бердім.

Ұстаздық – ұлы мамандық, десе де, бала көңіліме ұялаған арман менің жаныма тыныштық бермеді. Заң факультетіне оқуға түсіп, заңгер атандым. Сәтбаев қалалық сотында сот мәжілісінің хатшысы, бас маман болып жұмыс істедім. Осы жылдар мен үшін судьялық қызметтің қыр-сырына қаныққан, құқықтық жағдайларды тек заң тұрғысынан ғана емес, әділеттілік призмасы арқылы талдауды үйренген нағыз өмір мектебіне айналды.

Тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болдым. 2007 жылы құдай қосқан қосағым өмірден озып, отбасымыз үшін өте ауыр жағдай орын алды. Балалардың барлық жауапкершілігін жалғыз адамның көтеруі оңай емес. Осы қиындықтар мені шыңдап, өміріме түбегейлі бетбұрыс жасауға түрткі болды. Бала кезгі арманым судья лауазымына конкурсқа қатысуға өтініш бердім. Емтихан тестілеу және әңгімелесу кезеңдерінен тұрды. Бірінші кезеңнен «5», екіншісінен «4» балмен өтіп, кадрлық резервке алындым. Дегенмен, жыл өткен сайын судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптар күшейтілді. 2011 жылы үміткерлерден магистрлік білім талап етілді. Жұмысымды оқуыммен ұштастырып, «Болашақ» университетінің күндізгі бөліміне магистратураға түстім. Оны 2012 жылы бітіріп, заң магистрі дәрежесін алдым. Қарағанды облыстық сотында жұмысымды жалғастырдым.

– Арманыңызға жету мақсатындағы талпыныс пен еңбек нәтижесінде не түйдіңіз, неге көзіңіз жетті?

– Сот саласында еңбек ете жүріп түйгенім, судьялық – жауапкершілігі өте жоғары лауазым. Бұл қызметте тек заңды білу жеткіліксіз. Сот төрелігін атқару міндетін мойнына алған әрбір судья жан-жақты білімді, сондай-ақ, құқықтық ой-пікірін анық жеткізе алатын сөз өнерін терең меңгерген шешен болуы шарт. Дауласып келген тараптарды заң талабына ұйытып, жарастыра білу үлкен өнер. Тағы бір көзім жеткені, бұл лауазым заңгерлік мол

тәжірибені талап етеді. Өйткені, адам тағдырын таразылауда өмірлік тәжірибе маңызды. Сондықтан, мен осы жайттарды байқап қана қойған жоқпын, сот жүйесінен уақытша кетіп, заңгер болып жұмыс істеуге, яғни, білім-білігімді одан әрі толықтыруға шешім қабылдадым. Заңгерлік кеңседе жүріп соттарда және мемлекеттік органдарда компанияның құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатыстым. Осы шешімім өзіме жаңа кәсіби сынақ және баға жетпес мол тәжірибе болды.

Өткенге көз салсам, бес жылда судьялық конкурсқа он бес рет қатысыппын. Оның әрқайсысы үлкен дайындықты, ерен еңбекті қажет етті. Қайтпай жүріп 2014 жылы барлық сыннан сүрінбей өттім, ҚР Президентінің Жарлығымен Теміртау қалалық сотының судьялығына тағайындалдым. Кейіннен Қарағанды облысы Балқаш қалалық сотында судья болдым. Осы екі сотта он жылдай судьялық қызмет атқардым. Мен үшін сот жүйесінде жұмыс істеу жай ғана кәсіп емес, жүрек қалауым болды. Қоғамға қызмет ету, әділдікті қалпына келтіру және заң үстемдігін қамтамасыз ету ішкі қажеттілігіме айналды.

– Судьяның кәсіби тұрғыдағы кемелдігін немен байланыстырар едіңіз?

– Судья болу – адам өміріне әсер ететін шешімдер қабылдау мен әрқайсысы үшін толық жауапкершілікті алу дегенді білдіреді. Бұл жерде қателікке жол жоқ, сіз тек заң алдында ғана емес, қоғам алдында да, ар-ожданыңыздың алдында да жауаптысыз. Әділдікті қалпына келтіретін әрбір шешім адамның құқықтарын қорғауға және олардың заңға деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Осындай шешім керемет кәсіби мотивация беріп, судья рөлінің қаншалықты маңызды және жауапты екеніне көз жеткізеді. Әрі жадыңызда ұзақ сақталады, өйткені, әрқайсысының артында шынайы адамдар, олардың қайғысы, үміті және әділдікке деген сенімі тұрады.

Судья үшін қоғамдық қысым немесе ақпарат жағдайында толық бейтараптылықты сақтау өте қиынға соғады. Адами тұрғыдан әділетсіз болып көрінгенімен, толығымен заңға сәйкес шешімдер қабылданады. Қоғам қаншалықты қабылдамағанымен шешімнің заңды болуы міндет. Міне, осындай жағдайларда судьяның кемелдігі мен жауапкершілігі көрінеді. Әділдік бір нәрсені талап ететінін, ал заң басқаны талап ететінін іштей сезінетін кездер болады. Осындай сәттері судьяға заң мен әділдік рухының арасындағы теңгерімді ұстай білу сын. Түпкілікті шешім заңға негізделуі керек болғанымен, осы бағытты танып, саналы шешім қабылдау судьяның нағыз кәсіби кемелдігін көрсетеді.

Тағы бір қиындық – эмоционалдық жүктеме. Әсіресе, балаларға қатысты істерді, зорлық-зомбылықты, адамдық трагедияларды қарастыру қиын. Сырттай ауырлық пен формальдылыққа қарамастан, әрбір судьяның артында әрбір істі өз ішінде басынан өткеретін тірі адам бар. Бейтараптылық пен кәсіби адалдықты сақтау ерекше маңызды.

– Судьялықтан неге кеттіңіз?

– Сот жүйесінен кету туралы шешімді саналы түрде қабылдадым. Оның ең басты себебі, денсаулығым болса, екіншісі, азаматтарға және олардың нақты заңды қажеттіліктеріне жақынырақ жұмыс істеу үшін кәсіби бағытымды өзгерту қажеттігін сезіндім. Халықтың құқықтық мәдениеті мен білім-білігін қалыптастыруға белсене қатысу үшін олармен қатар жүріп жұмыс істегім келді.

– Қазақстанды көп жағдайда құқықтық мемлекетке теңейді, Сіздің бұған көзқарасыңыз?

– Құқықтық мемлекетті құруда халықтың белсенді азаматтық ұстанымы, құқықтық сауаттылығы, өз құқықтарын заңдық құралдар арқылы қорғауда дайындығы маңызды. Осы ретте елімізде оң өзгерістер жоқ емес, бар. Мысалы, қоғамымызда сотқа жүгінетін, қоғамдық бақылауға атсалысып, биліктен әділдік пен жауапкершілікті талап ететін азаматтар көбейіп келеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған әкімшілік сот төрелігін енгізу, конституциялық бақылау институтын күшейту, сот өндірісін цифрландыру сынды бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылды. Иә, көптеген реформалар әлі де болса жоғары деңгейде сапалы жүзеге асыруды талап етеді. Бүгінгі Қазақстан үшін жаңа институттар құру емес, тұтас құқықтық мәдениетті қалыптастыру маңызды. Біз дұрыс бағытта келе жатырмыз деп ойлаймын.

Осындай маңызды қадамдардың бірі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (ӘРПК) қабылдануы болды. Әкімшілік әділет институты мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауда үлкен бетбұрыс жасады. Аталған кодекс құқықтық сенімділіктің жаңа деңгейін қамтамасыз етіп, азаматтар тарапынан адалдық презумпциясын енгізді, мемлекеттік органдарды өз шешімдерін негіздеуге және сотта заңдылығын дәлелдеуге міндеттеді. Мұндай талаптар әкімшілік істердің нақты бәсекелестік сипатын



күшейтіп, сот жүйесін еуропалық әділеттілік қағидаттарына жақындатты. Мен сот жүйесінде жұмыс істеген адам ретінде бұл кодекстің әкімшілік органдармен даулар бойынша азаматтардың мүдделерін қорғау үшін қаншалықты маңызды болғанын өз көзіммен көрдім. Ол билік пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің шынайы құралына айналды.

Әрине, құқық қорғау қызметінің сапасынан бастап жүйенің жекелеген элементтерінің тәуелсіздігіне дейінгі шешімін табуы тиіс мәселелер әлі де бар.

– Бүгінде Сіз жеке заңгерсіз. Судьялық пен заңгерлік қызметтердің жұмыс жүктемесіне байланысты айырмашылығы неде?

– Сотта судья төрелік жасайды, тараптарды тындап, дәлелдер мен дәлелдемелерді құқық тұрғысынан бейтарап бағалайды, тепе-теңдік пен әділдікке басымдық береді. Ал заңгер клиенттің мүддесін

қорғап, дәлелдемелерді талдайды, заңды ұстаныммен қалыптан тыс шешімдерді де қарастырады. Әрине, жұмыс көлемі ауқымды, бірақ, басқаша. Ол тұрақтылықты, көп тапсырма орындауды, адамдардың эмоцияларымен жұмыс істеуді, көбінесе тез арада нәтижеге жетуді көздейді.

Заңгер заңмен ғана жұмыс істемей, психолог, стратег, келіссөз жүргізуші, медиатор болуы керек. Бірақ, бұл мамандық осы жерде және қазір нақты адамдарға пайдалы болу, өз жұмысыңыздың нәтижесін тікелей көру, кері байланысты сезінуімен құнды. Заңгерлік стандартты емес жағдайларға үлкен икемділік пен дайындықты қажет етеді.

– Дербес кассациялық соттардың құрылуын қалай бағалайсыз?

– Бұл маңызды және дер кезінде жасалған қадам. Мамандандырылған кассациялық соттың құрылуы құқықтық сенімділікті нығайтуға, сот қателерінің санын азайтуға, ең бастысы, сот жүйесіне деген сенімді арттыруға септігін тигізеді. Жаңа кассациялық модель тараптарға материалдық немесе іс жүргізу заңнамасын бұза отырып қабылданған сот шешімдерін қайта қарауға тағы бір процессуалдық мүмкіндік беретіндіктен, әділеттілік қағидатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұған қоса кассацияның Әкімшілік іс жүргізу кодексінің шеңберінде қоғамдық мүдделерді қорғауда және мемлекеттік органдардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне тиісті бақылауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Барлық мәселе маманға байланысты, Кассациялық сотта төменгі саты соттарынан кеткен қателіктерді көріп, таразылай білетін, тура билер отырса ғана заң үстемдігі нығаятынын, яғни осы соттан күткен үміттің ақталатынын ұмытпаған жөн.

– Қазіргі сот жүйесінде шешімін таппаған қандай мәселелер бар? Неге назар аударылғанын, ненің өзгергенін қалар едіңіз?

– Соттардың басты мақсаты халықтың сеніміне ие болу. Сенім нақты іс-әрекеттер, яғни, жүйе жұмысы ашық және жариялы, судьялар жоғары кәсіби білікті, сот тәуелсіздігі шынайы болғанда ғана нық қалыптасады. Сондықтан, сот жүйесінің имиджін жақсартуға қатысты атқарылар шаруа көп, бірақ, оларды PR арқылы емес, тәжірибедегі нақты өзгерістердің нәтижелері арқылы жүзеге асырған жөн.

Қазіргі уақыт судьялардың тәртіптік жауапкершілігін реформалауға баса назар аударылғанын талап етіп отыр. Бұл тетік әділетті ғана емес, қоғам үшін абсолютті ашық болуы керек. Қазіргі уақытта жүйеде кадрлық шешімдерге деген сенімге нұқсан келтіретін шамадан тыс құпиялық немесе формальды тәсілдер бар.

Екінші маңызды блок – судьялардың біліктілігін үнемі және жүйелі түрде арттыру. Судья тек заңның

білгірі болып қана қоймай, сонымен бірге жоғары эмпатияға, жанжалмен, тараптардың эмоцияларымен жұмыс істей білуге, істердің әлеуметтік мәнін түсінуге тиіс. Сонымен қатар, тараптар мен адвокаттардың, прокурорлардың және мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру да сот ісін жүргізу сапасы үшін маңызды.

Цифрландыру – абсолютті басымдық, дегенмен, тепе-теңдікті сақтау маңызды. Автоматтандыру сот төрелігін «конвейерге» айналдырмай, белгілі бір мақсатқа бағытталуы керек. Сот процесі адам тағдырынан тұрады. Сондықтан, цифрлық шешімдер ақылды, икемді және нәтижеге бағытталғаны абзал.

Сот төрелігіне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету де ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл шалғай өңірлердің тұрғындарымен бірге азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына, атап айтқанда, мүгедектерге, қарттарға, жалғыз басты аналар мен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына да қатысты. Олардың құқықтары көбінесе заңның жоқтығынан емес, оны жүзеге асыру тетіктерінің қолжетімсіздігінен қорғалмай қалады.

Мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне әсіресе әкімшілік юрисдикциялық процесс шеңберінде сот бақылауын күшейту мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. Бұл жерде Төрелік соттың әлеуеті әлі де толық іске асырылмауда. Осы мәселеде басты жайт соттардың ұстанымына, азаматтардың құқықтарын қорғауда белсенді рөл атқаруға қанша-

**СУДЬЯЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ
АРТЫҚШЫЛЫҚ ЕМЕС, ТӘУЕЛСІЗ
ЖӘНЕ ӘДІЛ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС
ІСТЕУІНІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТЫ.**

лықты дайын екендігіне байланысты.

Жалпы, Қазақстанның сот жүйесі әлі де даму үстінде. Оң қадамдар бар, алайда, әлі де болса жүйелілік пен ашықтық қажет. Бұлар шын мәніндегі тиімді, әділ және құрметті сот жүйесін құрудың бірден-бір жолы саналады.

– Судьялардың материалдық және әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз етілуі туралы ойыңыз?

– Сот билігінің тәуелсіздігі құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі саналады. Алайда,

бұл тәуелсіздік материалдық және әлеуметтік кепілдіктерсіз толықтай қамтамасыз етілмейді. Бүгінгі таңда айтып отырған мәселе ерекше өзекті. Конституцияға сәйкес, мемлекет судьяларды жоғары мәртебесі мен жауапкершілігіне лайықты жалақы және қажетті жағдаймен қамтамасыз етуге міндетті. Өкінішке қарай, іс жүзінде көптеген судьялар тұрмыстық мәселелерді өздері шешуге мәжбүр. Мысалы, пәтерді өз қаражатына жалдайды, материалдық қиындықтарға тап болады – бұл қызметтің мәніне мүлде қайшы.

Судьяның басты міндеті әділдік пен заңдылықты қалпына келтіру. Пәтерақыны қалай төлеу немесе отбасын асырау керектігі туралы мәселелер сот төрелігінің сапасымен қатар сот билігінің беделіне нұқсан келтіреді. Шын мәнінде судья тұрмыстық қиындықтармен емес, әділ шешім қабылдаумен айналысуы керек. Материалдық және тұрғын үймен қамтамасыз етуден бөлек, судьяларда өз мәртебесіне сай әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер жоқтың қасы. Санаторий-курорттық емделу, медициналық қызмет көрсету, өтемақы және басқа да әлеуметтік қолдаудың болмауы олардың физикалық және моральдық жағдайына кері әсер етіп, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін төмендетеді.

Себебі, судья – жай ғана мемлекеттік қызметші емес. Күн сайын жоғары моральдық және психологиялық жүктемемен бетпе-бет келетін адам. Мұндай жағдайда мемлекет тек жалақымен шектелмей, толық әлеуметтік пакетпен, нақты айтқанда, санаторийлер мен демалыс үйлері, сапалы медициналық қызмет, тұрғын үйге және коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер, қызмет ерекшеліктерін ескеретін зейнетақы жүйесімен қамтамасыз етуі керек деп ойлаймын.

Судьялардың материалдық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі артықшылық емес, тәуелсіз және әділ сот жүйесінің жұмыс істеуінің қажетті шарты. Осындай кепілдіктер судьяларға өз қызметін кәсіби, адал және бейтарап түрде орындауға мүмкіндік береді.

– Он жылдан кейінгі елімізді, оның сот жүйесін қалай елестетесіз?

– Он жылдан кейін Қазақстанды адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық жүйесі қалыптасқан нағыз құқықтық мемлекет ретінде көремін деп үміттенемін. Сот билігін қоғам бюрократиялық тетік ретінде емес, азаматтар сеніммен жүгінетін беделді, әділ институт ретінде қабылдаса мақсаттың орындалғаны. Он жылдан кейін заңды түсіндіру субъективтік көзқарасқа тәуелсіз, құқықтық сенімділік, жүйелілік, болжамдылық принциптеріне негізделген,

қалыптасқан, біркелкі сот тәжірибесін көргіміз келеді.

Бұл адамдардың болашаққа деген сенімін арттырады, ал бизнеске инвестициялар мен келісімшарттық міндеттемелерді әділ қорғауға кепіл болады. Сонымен қатар, азаматтардың өздері арасында құқықтық сана мен мәдениетті жоғарылатуы маңызды. Өйткені, заң мен әділеттілік тек сотқа ғана қатысты емес, олар бір-бірінің құқықтарын құрметтеп, өз құқықтарын заңмен қорғауға дайын болуы тиіс.

Қазақстандағы кез келген әлеуметтік мәртебедегі әрбір азаматтың қарсыласы кім болса да, он жылдан кейін өзін шын мәнінде заңмен қорғайтынын сезінгенін қалаймын. Сондай-ақ, мен еліміздің тек заңдарды қабылдап қана қоймай, жұмыс істейтін құқықтық тетіктерді – атап айтқанда, сот шешімдерін орындаудың тиімді жүйесі, заң көмегіне қолжетімділігі жоғары, белсенді адвокаттық кәсіп және күшті медиация жүйесі бар мемлекетке айналуын тілеймін.

Өркениетті қоғамның басты құндылығы сенім мен тұрақтылық, заңды құрметтеу болса, бұл мәселені халықтан бөліп қарай алмаймыз.

– Сот жүйесіне қайта оралу ойыңызда бар ма?

– Өз басым «ешқашан да» деген сөзді айтпауға тырысамын. Өмірде бәрі мүмкін, бір күні судьялыққа қайта оралуым да ғажап емес. Әзірге азаматтарға білікті заң көмегін көрсету, олардың құқықтары мен мүдделерін жоғары деңгейде қорғауға тырысып жүрмін. Өкінішке қарай, судьяның еңбегі жоғары деңгейде бағалана бермейді. Судья күн сайын адам тағдырына әсер ететін шешімдер қабылдайды және бұл орасан зор жауапкершілік пен терең білімді ғана емес, сонымен қатар, ең жоғары адамгершілікті талап етеді. Қоғам бұл мамандықтың құндылығын түсінуі үшін мемлекет судьялардың тәуелсіз және шынайы қорғалуына жағдай жасауы керек. Бізде мықты судьялар жеткілікті.

Еліміздің сот жүйесінде оң өзгерістер көп. Сот төрелігінің сапасына талап артып келеді. Сотқа алдағы уақытта осы оң өзгерістерге өз үлесімді қосу мақсатында келуім мүмкін. Қазіргі жұмысымның жауапкершілігі судьялықтан кем емес. Осы тәжірибемді заң мен әділеттіліктің салтанат құруына жұмсасам, онда арманымның орындалғаны.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге көп рақмет.

Сұхбатты дайындаған
Түймегүл ИБАШЕВА,
журналист

ЛИШЕНИЕ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ В КАЗАХСТАНЕ



**Гульмира
НУРАХМЕТОВА,**

*к.ю.н., доцент кафедры
гражданского права,
гражданского
процесса и трудового
права юридического
факультета КазНУ
имени аль-Фараби*

ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ЗАНИМАЕТ ОСОБОЕ МЕСТО В СИСТЕМЕ СЕМЕЙНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА. ЕГО ПРЕДНАЗНАЧЕНИЕ ЗАКЛЮЧАЕТСЯ В ОБЕСПЕЧЕНИИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ РЕБЕНКА, КОТОРЫЙ ПО ОБЪЕКТИВНЫМ ИЛИ СУБЪЕКТИВНЫМ ПРИЧИНАМ ЛИШАЕТСЯ ДОЛЖНОГО УХОДА СО СТОРОНЫ РОДИТЕЛЕЙ. КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗАКРЕПЛЯЕТ, ЧТО СЕМЬЯ, МАТЕРИНСТВО, ОТЦОВСТВО И

ДЕТСТВО НАХОДЯТСЯ ПОД ЗАЩИТОЙ ГОСУДАРСТВА (1). ТЕМ НЕ МЕНЕЕ ГОСУДАРСТВО ВЫНУЖДЕНО ПРИМЕНЯТЬ МЕРЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В СЛУЧАЯХ, КОГДА РОДИТЕЛИ НЕ ИСПОЛНЯЮТ ИЛИ НЕНАДЛЕЖАЩИМ ОБРАЗОМ ИСПОЛНЯЮТ СВОИ ОБЯЗАННОСТИ. ЛИШЕНИЕ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ ЯВЛЯЕТСЯ КРАЙНЕЙ И ИСКЛЮЧИТЕЛЬНОЙ МЕРОЙ ВОЗДЕЙСТВИЯ. АКТУАЛЬНОСТЬ ИЗУЧЕНИЯ ДАННОГО ИНСТИТУТА ОБУСЛОВЛЕНА КАК НЕОБХОДИМОСТЬЮ ЗАЩИТЫ ПРАВ РЕБЕНКА, ТАК И НЕОБХОДИМОСТЬЮ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ.

Родительские права и обязанности представляют собой совокупность личных неимущественных и имущественных прав, направленных на обеспечение полноценного физического, психического и нравственного развития ребенка. Семейное право Казахстана исходит из принципа равенства прав и обязанностей родителей [2]. При этом законодатель подчеркивает, что данные права носят не абсолютный характер, а корреспондируют обязанностям по воспитанию, обучению и содержанию ребенка.

Институт лишения родительских прав носит двойственный характер. С одной стороны, он является мерой ответственности родителей за ненадлежащее исполнение обязанностей. С другой стороны, это институт защиты прав ребенка, направленный на обеспечение его интересов. Таким образом, речь идет не только о наказании родителей, но и о восстановлении социальной справедливости в отношении ребенка, оставшегося без должной заботы.

Основания для лишения родительских прав закреплены в ст. 75 Кодекса Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года «О браке (супружестве) и семье» [3]. Они носят исчерпывающий характер и подлежат ограничительному толкованию. Среди них выделяются:

1) уклонение от выполнения обязанностей родителей, в том числе злостное уклонение от уплаты алиментов;

2) отказ без уважительных причин взять своего ребенка из родильного дома (отделения), из орга-

низаций для детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и иных организаций;

3) злоупотребление своими родительскими правами;

4) жестокое обращение с ребенком, в том числе осуществляют физическое или психическое насилие над ним, покушаются на его половую неприкосновенность;

5) злоупотребление азартными играми, пари, спиртными напитками или наркотическими средствами, психотропными веществами и (или) их аналогами.

Таким образом, законодатель связывает возможность лишения прав с наличием вины родителя, выражающейся в сознательном и систематическом нарушении его обязанностей. Судебная практика подчеркивает, что данная мера применяется лишь в случаях, когда иные способы защиты ребенка (ограничение родительских прав, передача под надзор органов опеки) не дают результата.

Дела о лишении родительских прав рассматриваются исключительно в судебном порядке. С исковым заявлением вправе обратиться один из родителей, прокурор, органы опеки и попечительства. Суд обязан привлечь к участию в деле органы опеки, которые дают заключение о целесообразности лишения родительских прав. Согласно ст. 66 ГПК РК [4], заключение органов опеки носит рекомендательный характер, однако суды зачастую придают ему особое значение.

При рассмотрении дел обязательно учитывается мнение ребенка, достигшего возраста десяти лет. Данный принцип соответствует положениям Конвенции о правах ребенка 1989 года [5], ратифицированной Казахстаном. Важной особенностью является то, что лишение родительских прав не освобождает родителей от обязанности содержать ребенка.

Анализ судебной практики показывает, что наибольшее количество дел связано с хроническим алкоголизмом родителей, а также с уклонением от выполнения обязанностей по воспитанию детей. В ряде случаев суды отмечают, что даже при наличии фактов ненадлежащего исполнения обязанностей, родители могут быть ограничены в правах, но не лишены их, если сохраняется возможность восстановления родительских отношений.

Постановления Верховного Суда РК содержат правовые позиции о том, что лишение родительских прав должно носить исключительный характер. Так, в одном из решений указано, что «суд не вправе удовлетворять иск о лишении прав при отсутствии доказательств систематического уклонения от выполнения обязанностей».

Зарубежный опыт свидетельствует о том, что во многих странах институт лишения родительских прав рассматривается как *ultima ratio* — крайняя мера воздействия. В Российской Федерации основания лишения аналогичны [6], но судебная практика показывает большее количество удовлетворенных исков, чем в Казахстане. В государствах Европы приоритет отдается мерам социальной поддержки

семьи, а лишение прав применяется в исключительных случаях.

Таким образом, международные стандарты подчеркивают необходимость сочетания мер профилактики, социальной помощи и защиты прав ребенка, что требует дальнейшего развития в Казахстане.

Среди основных проблем реализации института лишения родительских прав можно выделить:

- недостаточный уровень профилактической работы органов опеки;
- отсутствие системного контроля за исполнением судебных решений;
- ограниченные возможности последующего устройства детей в семьи.

Для повышения эффективности предлагается: совершенствовать деятельность органов опеки, развивать институт патронатных и приемных семей, усиливать профилактику алкоголизма и наркомании среди родителей, а также закрепить в законодательстве более четкие критерии для лишения родительских прав.

Таким образом, лишение родительских прав является одной из наиболее серьезных мер семейно-правовой ответственности. Его применение допустимо лишь при наличии веских оснований и в интересах ребенка. Судебная практика Казахстана свидетельствует о взвешенном подходе к данному институту, однако требует дальнейшего совершенствования. Перспективным представляется усиление социальной поддержки семьи, развитие институтов опеки и усыновления, а также гармонизация национального законодательства с международными стандартами.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.09.2022 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029
2. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 16.09.2025 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748&doc_id2=31102748#pos=88;-100&pos2=1083;-98
3. Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.09.2025 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34329053&pos=83;-54#pos=83;-54
4. Конвенция о правах ребенка от 20 ноября 1989 года (ратифицирована Республикой Казахстан) // https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400_
5. Постановления Верховного Суда РК по делам о лишении родительских прав. – Астана, 2020–2023 гг.
6. Семейный кодекс Российской Федерации от 29 декабря 1995 года № 223-ФЗ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.02.2025 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30407576

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ



Ғалым ТЕЛЕУЕВ,
*Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті
Құқық және
экономика
факультетінің деканы
PhD докторы*

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК
ПРОБЛЕМАСЫ ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДА, ОНЫҢ ІШІНДЕ
ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ КОНТЕКСТЕ ОРНЫҚТЫ СУ ПАЙДАЛАНУ
МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕҢ АУҚЫМЫН ҚАМТИДЫ, СОНДАЙ-АҚ,
БҰЛ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ
РЕТІНДЕ ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ТІКЕЛЕЙ ҚОЗҒАЙДЫ.

Гидротехникалық құрылыстардың оң әсері су электр станцияларында таза энергияны құру, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын және тұрмыстық қажеттіліктерді сумен қамтамасыз ету, су тасқыны мен жағалау эрозиясынан қорғау, су ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ, кеме жолдары мен порттарын қалыптастырудан көрініс табады.

Гидротехникалық құрылыстарды салу мен пайдалану қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықты сумен, азық-түлікпен, энергиямен қамтамасыз ету, су тасқынына қарсы күрес, т.б. үшін қажет. Дегенмен, олардың бөгет алаңынан жоғары және төмен орналасқан өзен аңғарларының табиғаты мен шаруашылығына кері әсері барын да айтып өткен жөн. Мысалы, гидротехникалық құрылыстардан төмен орналасқан құрылыс, материалдық және гидрустардың зақымдануына алып келуі әбден мүмкін.

Өткен ғасырдың 1960-80-ші жылдарында салынған гидротехникалық құрылыстарды ұзақ пайдалану, күрделі жөндеудің болмауы және оған қаржыландырудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ, климаттық және сейсмикалық факторлардың әсері біртіндеп бүкіл ГТҚ кешенінің тозуына әкелді. Қазіргі таңда гидротехникалық құрылыстардың 60 пайыздан астамы ескіріп, қауіпті, әрі апатты жағдайда тұрса, олардың жалпы санының 90 пайызы негізінен шаруашылық жолмен салынған IV класс капиталының құрылымдарымен ұсынылған. Осы себепті, гидротехникалық құрылыстарды жобалау және пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажет. Бұл шараларды сақтамау материалдық, экологиялық және әлеуметтік зиян келтіретін апаттарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Елімізде гидротехникалық құрылыстардың істен шығуының салдарынан төтенше жағдайлардың орын алуы бірнеше рет қайталанды. Еске салсақ, 2010 жылы болған Қызылағаш ауылындағы бөгеттің жарылуы салдарынан болған су тасқыны, 2014 жылы Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті су қоймасы бөгетінің шайылуы, бұлар сабақ болуы тиіс. Болашақ қателікті кешірмейді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Су кодексінің ГТҚ қамтамасыз ету мәселелері туралы нормалары және өзге де заңнамалық актілер мен бөгеттердің қауіпсіздігіне қатысты ережелер осы объектілердегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың құқықтық мәселелерін толықтай шеше алмайтынын көрсетті.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі қазіргі жағдайда еліміз үшін өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Сондықтан, төтенше жағдайлар жүйелі бақылауды, ГТҚ қауіпсіздігіне тиісті қадағалауды, сондай-ақ нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі таңда елімізде «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» заң қабылдау қажеттілігі туындап отыр. ҚР Су кодексінің жекелеген ережелері ГТҚ қауіпсіз пайдалану, осы объектілердегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі құқықтық, сондай-ақ, ұйымдастыру мәселелерін толық көлемде шешуді қамтамасыз етпейді. Гидротехникалық құрылыстардың ерекшелігін ескеретін төтенше жағдайлардың алдын алу және ден қоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесі жоқ.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі кешенді түрде, яғни жобалық, құрылыстық және пайдалану кезеңдерінде қарастырылуы тиіс. Қазақстандағы бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі ғимараттарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі ережелерді қатаң сақтауды талап етеді. Айтып отырған мәселенің оң шешімін табуы үшін мынадай шаралар жасалуы керек:

1. ГТҚ жай-күйінің мониторингі және нақты тексеру, деректерді талдау және ықтимал авариялардың тәуекелін бағалау, қауіпсіздікті арттыру және төтенше жағдайлар тәуекелдерін төмендету бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2. Жоғары қауіпсіздігі бар ГТҚ-ның қазіргі заманғы құрылымдарын әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер.

3. Тасқын сулармен су басуды жою және сел қауіптілігін төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеу.

4. Тіршілік қауіпсіздігін қалыптастыру, өлшеу және бақылау аспаптарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін ГТҚ баламалы тәуелсіз энергия көздерін енгізу.

5. Мониторинг жүйесін құруды, ГТҚ қауіпсіздігін ғылыми-техникалық жобалауды, оны салуды және қауіпсіз пайдалану мен консервациялауды ғылыми негізде регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

Мақала АР26193915 «Тұрақты даму жағдайында Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландырылатын ғылыми жоба шеңберінде әзірленді.

ОСНОВАНИЯ ДЛЯ ВОЗВРАТА ЖАЛОБ



Шынар ЕРГАЛИЕВА,
*судья Кассационного
суда по уголовным
делам*

СОГЛАСНО СТ. 484 УПК РК КАССАЦИОННЫЙ СУД ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ РАССМАТРИВАЕТ ДЕЛА ПО КАССАЦИОННЫМ ЖАЛОБАМ НА ВСТУПИВШИЕ В ЗАКОННУЮ СИЛУ ПРИГОВОРЫ И ПОСТАНОВЛЕНИЯ, ВЫНЕСЕННЫЕ СУДАМИ ПЕРВОЙ ИНСТАНЦИИ, ПОСЛЕ ИХ РАССМОТРЕНИЯ В АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ, ПРОТЕСТАМ ПРОКУРОРА, А ТАКЖЕ НА ПРИГОВОРЫ И ПОСТАНОВЛЕНИЯ АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ.

При этом не подлежат пересмотру в кассационном порядке судебные акты:

1) по делам об уголовных проступках и преступлениях небольшой тяжести;

2) вынесенные в ходе судебного разбирательства по вопросам, указанным в ч. 2 ст. 10 настоящего Кодекса, а также касающиеся порядка и

способа исследования доказательств, ходатайств участников процесса, соблюдения порядка в зале судебного заседания, в связи с отказом от обвинения государственного и частного обвинителя, по вопросам, связанным с исполнением приговора;

3) вынесенные следственным судьей.



Соответственно, правовым основанием для возврата жалоб и протестов без права повторной подачи является несоблюдение апелляционного порядка обжалования судебных актов, а также их подача на судебные акты об уголовных проступках и преступлениях небольшой тяжести и по вопросам, связанным с исполнением приговора, что является не редкостью.

Отдельно хотелось бы остановиться на том, что из содержания ст.ст. 485 и 522 УПК следует, что в кассационном порядке может быть пересмотрено только постановление о применении принудительной меры медицинского характера, то есть постановление, которым лицо освобождено от уголовной ответственности или наказания в соответствии со ст. ст. 16 и 75 УК с применением конкретной принудительной меры.

Обжалование постановлений по вопросам продления, изменения или прекращения применения принудительных мер медицинского характера относится к вопросу, связанному с исполнением приговора, в связи с чем такие постановления не могут быть приняты к производству Кассационного суда по уголовным делам и подлежат возврату.

Также согласно ст. 666 УПК пересмотр оправдательного приговора либо постановления суда

о прекращении уголовного дела с участием присяжных заседателей не допускается, в связи с чем они не подлежат обжалованию в кассационном порядке.

Кассационная жалоба и протест адресуются Кассационному суду по уголовным делам и должны содержать:

- данные о лице, подавшем кассационную жалобу, с указанием его процессуального положения, места жительства или места нахождения, номеров средств контактной связи с ним;
- указание обжалуемых судебных актов и наименование судов, их постановивших;
- указание о том, в какой части судебного акта или в полном объеме на него подается кассационная жалоба, приносится протест;
- ссылку на соответствующий пункт ч. 1 ст. 485 УПК, предусматривающий основание для пересмотра судебного акта;
- доводы, в чем заключается неправильность судебного акта, какие нормы закона были нарушены при осуществлении досудебного производства или рассмотрении дела в предшествующих судебных инстанциях и как эти нарушения отразились на вынесенных судебных решениях, и существо его просьбы;

- доказательства, которыми обосновываются требования кассационной жалобы, протеста;
- указание о рассмотрении кассационной жалобы с участием или без участия лица, его подавшего;
- перечень прилагаемых к кассационной жалобе, протесту материалов;
- дату подачи кассационной жалобы, протеста и подпись автора жалобы, прокурора, принесшего протест.

При этом кассационная жалоба, протест должны быть составлены на языке судопроизводства, установленного по уголовному делу.

К жалобе должны быть приложены копии обжалуемых судебных актов.

Кассационная жалоба осужденного, отбывающего наказание в виде лишения свободы, подается через администрацию учреждения уголовно-исполнительной системы.

Кассационная жалоба и протест по уголовным делам подлежат возвращению:

- если они не соответствуют вышеуказанным требованиям;
- когда в них содержатся некорректные выражения, ненормативная лексика, оскорбление участников судопроизводства и других лиц, а также не относящиеся к делу обстоятельства;
- если поданы лицами, которые в соответствии со ст. 486 УПК не имеют права на обжалование, опротестование вступившего в законную силу данного судебного акта;
- если жалоба, направленная на ухудшение положения осужденного или оправданного, подана после истечения одного года после вступления их в законную силу;
- если до их рассмотрения по существу они были отозваны;
- если к жалобе адвоката не приобщено уведомление и копия служебного удостоверения.

Возврат жалобы или протеста оформляется письмом судьи кассационной инстанции.

В случае устранения недостатков, послуживших основанием для возврата кассационной жалобы,

протеста, когда они не соответствуют требованиям, они могут быть поданы вновь на общих основаниях.

Кассационная жалоба или протест возвращаются письмом в течение трех суток после поступления к судье.

Анализ показывает, что в основном жалобы возвращаются ввиду не соответствия предъявляемым для них требованиям.

Чаще всего в жалобах неправильно указываются наименование кассационной инстанции, отсутствуют ссылки на соответствующий пункт ч. 1 ст. 485 УПК, предусматривающий основание для пересмотра судебного акта, неправильно указывается существо его просьбы, в частности, просят «пересмотреть приговор» без просьбы отменить или изменить приговор и постановление апелляционной инстанции.

К сожалению, возвраты жалоб оформляются и адвокатам, которые осуществляют профессиональную юридическую помощь и неправильно оформляют жалобы, в том числе уведомления о защите.

Так, согласно Приложению 1 к Порядку оформления письменного уведомления о защите (представительстве) и перечню иных вносимых в него сведений, утвержденному Республиканской конференцией коллегии адвокатов и согласованному Министерством юстиции РК 23 ноября 2018 года, в уведомлении подлежит указанию наименование одного конкретного органа, ведущего производство по делу.

Однако многие адвокаты приобщают к жалобам уведомления, выписанные на несколько органов и инстанций, вместо Кассационного суда по уголовным делам.

При подаче кассационных жалоб в интересах потерпевших необходимо прилагать доверенности на подписание таких жалоб, а в случае подачи жалобы юридическими консультантами, им необходимо предоставить документы, подтверждающие членство в соответствующей палате.

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ — ЗАМАН ТАЛАБЫ



**Жұмагелді
ЕЛУБАЕВ,**
*З.Ғ.Д.,
профессор,
MCI Arb,
«Kazakhstan Bar
Association» Заң
консультанттар
палатасының
мүшесі*

– Жұмагелді Сәкенұлы, халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сеніміне қандай баға бересіз?

– Қазіргі кезде ел азаматтарының мемлекеттік институттарға, заңға, әділдік пен тәртіпке деген сенімі ең төменгі деңгейде десем, қателеспеймін. Билікке төзімділік мемлекеттік қызметкерлер, квазимемлекеттік сектор, мемлекеттік білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің және мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тәуелді басқа да мекеме қызметкерлерінің арасында ғана сақталып отыр. Олардың билікке деген адалдығы, ең алдымен, жұмысынан, лауазымынан айырылып қалудан, сондай-ақ сын айтқаны және Мемлекет басшысы мен қазіргі биліктің саяси институттарының көзқарасына қайшы келетін ой-пікірі үшін қудалуға ұшыраудан қорқатынына байланысты. Барлық проблема, тарихымыздың өткен кезеңіндегідей, асүйде және сыбырлап айтылып, талқыланады...

Мұның бәрі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында қалыптаса бастаған азаматтық қоғамның барлық демократиялық институттарын жойған 30 жылдық авторитарлық режимнің салдары. Осы 30 жыл ішінде шынайы әрі сындарлы оппозиция пайда болған жоқ, өйткені, оның көшбасшылары не өлтірілді, не елден қуылды, ал қалыптаса бастаған оппозицияның белсенді өкілдерінің бір бөлігі саяси қызметтен бас тартып, билеуші элитаның рұқсатымен табысты бизнеспен айналысып кетті – бұл оппозициялық қызметтен бас тартуына айырбас берілген «сыйақы» сияқты болды.

Елді ұзақ жылдар бойы Президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қамқорлығында болған жалғыз партия – «Нұр Отаннан» шыққан адамдар басқарды. Ал бұл партияға мемлекеттік бюджеттен орасан зор қаражат бөлінді. «Нұр Отан» ел билеген басшыларға адал кадрларды тәрбиелейтін «ұстахана» қызметін атқарды. Бүгінгі күні де қызметін іске асырып келе жатқан саяси партиялар мен ұйымдардың барлығы ешқашан тәуелсіз болмаған, олардың қызметі биліктің бақылауында болды, кез келген партиялық мәселе, соның ішінде мемлекеттік лауазымдарға, әсіресе Парламент пен мәслихаттарға үміткерлерді ұсыну мәселесі де билік институттарымен келісіліп отырды.

Демократиялық институттар, жарқын әрі белсенді сындарлы оппозиция көшбасшылары болмаған осындай жағдайда азаматтық қоғам саяси

жүйеден алшақтай түсті, халық іс жүзінде пікірін білдіре алмады, оған құлақ асқан ел басшылығы мен шенеуніктер де болмады. Осылайша, азаматтық қоғам өзімен-өзі болып кетті де, билік өзінше өмір сүрген жағдай қалыптасты.

Президентті, Парламент депутаттарын, жергілікті өкілді органдарды сайлау, сондай-ақ, барлық деңгейдегі әкімдерді тағайындау рәсімі формалды, бақыланатын үдеріс болды, бұл билік басындағы топтарға адал адамдардың ғана билікке келуіне мүмкіндік берді.

Елде жемқорлықтың кең етек жаюы, олигархиялық капитализмнің дамуы халықты қоғам алдында тұрған экономикалық мәселелерді шешу мүмкіндігінен одан әрі алшақтата түсті. Сондықтан осы 30 жылдың ішінде елімізде негізінен сыбайлас жемқорлық схемалары, ұрлық, алаяқтық, ел бюджетін талан-таражға салу жолымен байыған миллиардерлер пайда болды. Мұның бәрі қарапайым қазақстандықтардың көз алдында болған және қазір де жалғасып жатқан жағдай. Сондықтан халықтың билікке сенбейтіні заңдылық.

Мемлекеттігіміздің қазіргі тарихындағы осы және басқа да келеңсіздікке толы парақтар, өкінішке қарай, халықтың билікке, елдің заңдарына, әділеттілікке, тәртіпке деген сенімнің қалыптасуына мүмкіндік бермеді.

– Елдегі жүргізіліп жатқан саяси реформаларға ғалым ретінде көңіліңіз тола ма?

– Жоқ, елімізде жүргізіліп жатқан реформаға, соның ішінде саяси реформаға көңілім толмайды. Біздің бұрынғы және қазіргі билік реформалауға тым әуестеніп кетті, соңғы 30 жыл ішінде жүргізілген барлық саяси реформа, негізінен, авторитарлық режимді нығайтуға бағытталды, осыған орай биліктің басқа тармақтарының өкілеттігі шексіз қайта қаралды. Қазіргі уақытта да мемлекеттік құрылымдарды жүйесіз қайта құру жүріп жатыр, мемлекеттік қызметкерлер құрамында еш өзгеріс жоқ, қызмет орны ғана ауысады, тіпті, жұмысындағы елеулі кемшілігі, өкілеттігін асыра пайдаланғаны, сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін қызметінен босатылғандар қайтадан лауазымды орындарға оралып жатады.

Іс жүзінде билікке азаматтық қоғам, ғылыми орта мен кәсіби қоғамдастықтан шыққан адамдар келмейді, себебі, мемлекеттік қызметке кіру үдерісі шамадан тыс бюрократияланған, мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу жүйесі сыбайлас жемқор-

лық жасауға қолайлы, сондай-ақ, трайбализм, туыскандық байланыс, жеке адалдық және т.б. элементтер бар.

Жағдайды жақсы жағына өзгерту үшін «косметикалық» өзгеріс емес, саяси жүйені, мемлекеттік басқару жүйесін тереңінен өзгертуге, «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесі қағидаттарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруға бағытталған түбегейлі конституциялық өзгеріс қажет.

– Қазақстан Конституциясының жаңа жобасын жасауға не түрткі болды?

– Соңғы жылдардың ішінде мен ҚР Президенті Әкімшілігіне, Үкіметке, Парламентке және түрлі орталық мекемелерге мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, экономиканы дамытуға, азаматтық қоғамның демократиялық институттарын қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ, көптеген басқа да арнайы мәселеге қатысты жазбаша ұсыныстарды бірнеше рет жолдадым.

2022 жылдың 7 қаңтарында, қайғылы қаңтар оқиғасы күндерінде әлеуметтік желі, мемлекеттік органдардың интернет жүйелері ашық болған кезде, елдегі саяси дағдарысты ескере отырып әзірлеген. Мемлекеттік қайта құру жөніндегі бағдарламамды жолдадым. Ел тағдырына бейжай қарай алмайтын азаматтық қоғамның өкілі бастамашы болған тарихи құжатқа айналған бағдарламаны ұсынуға дайынмын. Бұл бағдарлама іске асырылса, елдегі саяси жағдайды түбегейлі өзгертіп, президенттік билікті нығайтып, шенеуніктерді серпілтіп, мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауға қозғау салып, билікке кәсіби деңгейі жоғары, адал әрі отаншылдық сезімі мықты азаматтық қоғам өкілдерінің келуіне ықпал ететініне сенімдімін.

Қ.Тоқаев қиын қыстау кезеңде өзін мықты басшы ретінде көрсете білді – оның қабылдаған бірқатар маңызды шешімі мен батыл әрекеттері елде бейбіт өмірді қайта орнатуға ықпал етті. Қазіргі таңда Мемлекет басшысы түбегейлі конституциялық өзгеріс жасауға шешім қабылдауы керек.

Осыған дейін атқарған барлық жұмысым егеменді Қазақ Республикасының үшінші Конституциясының тұжырымдамасы мен жобасын әзірлеуіме түрткі болды. Бұл – 40 жылдан астам кәсіби тәжірибесі бар, заң шығару үдерісін жетік білетін ғалым, заңгер, мемлекеттік басқару жүйесіндегі шектен шыққандықты қабыл алмайтын өз елінің патриоты

ретіндегі Қазақстанды мемлекеттік қайта құру ісіне қосқан жеке үлесім.

Өкінішке қарай, бұл бастамам билік тарапынан да, ғылыми және кәсіби қоғамдастық өкілдері тарапынан да қолдау таппады. Дейтұрғанмен, жекелеген ескерту, ұсыныс, кеңес, сын-пікірлер түсіп жатыр, мұның бәрін ризашылықпен қабыл алып, талдап жатырмын. Осының барлығы егемен Қазақ Республикасының үшінші Конституциясы жобасының соңғы нұсқасын аяқтауыма көмектесетініне сенімдімін. Өзім әзірлеген Конституция жобасын ілгерілету бойынша басқа да жоспарларым бар, сондай-ақ, осы бастамаға қандай да бір беделді ұйымдар, тәуелсіз мекемелер мен сарапшылар қолдау білдіріп, оны алға жылжытуға атсалысады деген үмітімді үзбеймін.

ҚР Президенті халыққа арнаған соңғы жолдауында конституциялық реформаның қажеттілігі туралы пікірін білдірді, атап айтқанда, Сенатты таратып бір палаталы Парламент құру керектігін алға тартты. Мен ұсынған Конституция жобасында да Мәжіліс деп аталатын бір палаталы Парламент туралы айтылады.

Сонымен қатар, Президент жаңа Парламентке сайлау процесін өзгертіп, депутаттарды саяси партиялардан ғана ұсынуды алға тартты. Менің ойымша, біздің елімізде саяси мәдениет әлі қалыптаспаған, барлық партиялар билікті жақтайтын, биліктің бірден-бір қайнар көзі болып табылатын халықтан алшақ жүрген жағдайда бұл үлкен қателік. Тағы да мемлекеттік құрылымның төрт буынды жүйесі ұсынылып отыр, оның негізінде жатқан, Мемлекет басшысы бұрын ұсынған: «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Бұл формулада біртұтас мемлекеттік биліктің маңызды тармағы – сот билігі жоқ. Мемлекет және құқық теориясының ережесіне негізделген және қызметі «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесімен қамтамасыз етілетін біртұтас мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармақтары: заң шығарушы билік, сот билігі және атқарушы билік қана мемлекет пен қоғамның табысты дамуының негізі болады.

Президенттің бұл бастамасын қолданыстағы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы іске асыру қалыптасқан жағдайды одан әрі нашарлата түседі, өйткені, бұл жерде Парламентке қатысты нормаларды ғана емес, сайлау процесі, Президент пен Парламенттің өкілеттігі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормаларды өзгерту қажет болады. Осы орайда айта кететіні,

Конституцияның қазіргі редакциясы Негізгі заңның бастапқы тұжырымдамасына сәйкес келмейді, онда конституциялық ережелер арасындағы логикалық байланыс жойылған, оның нормалары арасында қайшылықтар бар. Мысалы, Конституцияның қолданыстағы редакциясы 1995 жылғы алғашқы нұсқасынан айтарлықтай ерекшеленеді. Оның бастапқы редакциясының 40%-ға жуығы ғана сақталған, ал 60%-ы – соңғы 30 жылда енгізілген өзгерістер. Айта кету керек, GPT жүйесіндегі жасанды интеллект ұсынған ақпарат бойынша, 1995 жылғы Конституцияның бұрынғы редакциядағы мәтінінің небары 34% ғана қалған. Алайда, Конституция мемлекет кепілдік берген тұрақты құқықтық акт болуға тиіс. Өкінішке қарай, ел басшысының айтқанына бола қайта-қайта өзгертілген Ата Заңымыз туралы олай айта алмаймыз...

Сондықтан, халықтың игілігі, қазақ мемлекетінің тұрақты және демократиялық дамуын қамтамасыз ету үшін оның жаңа, үшінші Конституциясын қабылдау керек. Мен билікке, азаматтық қоғамға, ғылыми және кәсіби қоғамдастыққа осындай Конституция жобасын ұсындым және олар мені естиді деген үміттемін. Оның үстіне, менің көзқарасым ғана ақиқатқа сай деуден аулақпын, бірақ, ұсынған жобам жаңа Конституцияны әзірлеуде зияттық негіз болса деймін.

– Жаңа Конституция қабылдауға қазір ешқандай қажеттілік жоқ деген пікірге қалай қарайсыз?

– Мұндай пікірді негізінен қазіргі мемлекеттік қызметкерлер, Парламент депутаттары және қазіргі биліктің қамқорлығындағы кейбір ғалымдар айтып жүр. Сонымен қатар, саясатты, елдегі нақты саяси жағдайды түсінбейтін «дивандағы» сарапшылар да бар, олар конституциялық өзгеріс жасайтын уақыт әлі келген жоқ деп есептейді.

Егемен Қазақ мемлекетінің жаңа, үшінші Конституциясын әзірлеу қажеттігіне қатысты мәселе бойынша билік өкілдері мен азаматтық қоғамның осынау енжар көзқарасымен келіспеймін. Мұндай Конституция ертең емес, дәл бүгін керек, өйткені, елімізде жаңа саяси жүйені, мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесін құруға, азаматтық қоғамның демократиялық институттарын қалыптастыруға бағытталған түбегейлі өзгерістерді қамтамасыз ету қажет. Н.Назарбаевтың 30 жыл билік басында болған авторитарлық режим мен тоталитарлық жүйенің жағымсыз салдарынан арылуымыз керек.

**2022 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНДА,
ҚАЙҒЫЛЫ ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ
КҮНДЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ,
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ
ИНТЕРНЕТ ЖҮЙЕЛЕРІ АШЫҚ
БОЛҒАН КЕЗДЕ, ЕЛДЕГІ
САЯСИ ДАҒДАРЫСТЫ
ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ӘЗІРЛЕГЕН
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ҚҰРУ
ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАМДЫ
ЖОЛДАДЫМ. ЕЛ ТАҒДЫРЫНА
БЕЙЖАЙ ҚАРАЙ АЛМАЙТЫН
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӨКІЛІ БАСТАМАШЫ БОЛҒАН
ТАРИХИ ҚҰЖАТҚА АЙНАЛҒАН
БАҒДАРЛАМАНЫ ҰСЫНУҒА
ДАЙЫНМЫН. БҰЛ БАҒДАРЛАМА
ІСКЕ АСЫРЫЛСА, ЕЛДЕГІ
САЯСИ ЖАҒДАЙДЫ ТҮБЕГЕЙЛІ
ӨЗГЕРТПІ, ПРЕЗИДЕНТТІК
БИЛІКТІ НЫҒАЙТЫП,
ШЕНЕУНІКТЕРДІ СЕРПІЛТПІ,
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУҒА
ҚОЗҒАУ САЛЫП, БИЛІККЕ
КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ,
АДАЛ ӘРІ ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМІ
МЫҚТЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ
ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕЛУІНЕ ЫҚПАЛ
ЕТЕТІНІНЕ СЕНІМДІМІН.**

1995 жылдан бері қолданыста жүрген Конституцияға өзгеріс пен толықтыру енгізу жолымен билік құрылымдарын қайта ұйымдастырып косметикалық реформа жасау конституциялық құрылыс тұрғысынан дұрыс шешім болуы мүмкін емес, себебі, болашақ ұрпақтың игілігі үшін еліміздегі бүкіл саяси жүйе мен мемлекеттік басқару құрылымын түбегейлі өзгерту қажет.

– Президент биылғы жолдауында бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді. Бұл туралы не айтасыз?

– Бұл өте орынды бастама, өйткені, мемлекеттік құрылыс тарихы да, мемлекет және құқық теориясы да біртұтас мемлекетте қос палаталы Парламенттің болуы қисынсыздық екенін көрсетіп отыр. Біздің елде Сенат тұңғыш Президенттің авторитарлық режимін нығайту үшін құрылған болатын және оның бұл мақсаты толығымен жүзеге асты. Сенатты қалыптастыруға халық еш қатыстырылған жоқ, бірақ халық – елдегі биліктің бірден-бір қайнар көзі.

Сондықтан, бір палаталы Парламент құру – заман талабы және конституциялық құрылыс жолында жасалған жаңа қадам болмақ. Дегенмен, бұл бастаманы және мемлекеттіліктің дамуына қатысты басқаша көзқарасты Қазақ мемлекетінің жаңа, үшінші Конституциясы негізінде жүзеге асыру қажет.

– Қоғамның бір мүшесі ретінде елдегі саяси партиялардың қызметін қалай бағалайсыз?

– Өкінішке қарай, елімізде саяси өмірдің оң тәжірибесі болған жоқ. Кеңестік құрылыстан бізге мұра болып қалған коммунистік партия тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қызметін жалғастырып, іс жүзінде билікке оппозиция болды. Ол кезде халық құрметтеген беделді көшбасшылары да болды, бірақ, бұл қайраткерлер саяси сахнадан кеткен соң, коммунистік партия елдің саяси өміріндегі маңызын жойып, біртіндеп билікшіл партияға айналды.

«Нұр Отан» партиясы тұңғыш президенттің партиясы еді, оның құрамында негізінен мемлекеттік қызметкерлер мен билікке жақын адамдар болды. Ол негізінен мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылып, Мемлекет басшысының бағытын жүргізді. Іс жүзінде орталық және жергілікті мемлекеттік орган басшылары «Нұр Отан» партиясынан ұсынылып, Парламент

пен жергілікті өкілді органдар да оның мүшелерінен қалыптастырылды. Сондықтан, қазіргі таңда атауын «Аманат» деп өзгерткен бұл партия авторитарлық режимнің салдары, елде сыбайлас жемқорлық жүйесінің құрылуы, азаматтық қоғамның ыдырауы үшін жауапты.

Елде қызметін жүргізіп жатқан барлық басқа саяси партиялар – «Ақ жол», «Халық партиясы»,

**БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ
ҚҰРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ ЖӘНЕ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС
ЖОЛЫНДА ЖАСАЛҒАН
ЖАҢА ҚАДАМ БОЛМАҚ.
ДЕГЕНМЕН, БҰЛ БАСТАМАНЫ
ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ
ДАМУЫНА ҚАТЫСТЫ
БАСҚАША КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЖАҢА, ҮШІНШІ
КОНСТИТУЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ.**

«Ауыл» және тағы басқалары билікшіл, олар халықтың мүддесін білдірмейді және азаматтық қоғам тарапынан қолдау таппайды. Өкінішке қарай, елімізде қазіргі билікке сындарлы оппозиция бола алатын тәуелсіз саяси партия жоқ. Жаңа, тәуелсіз, шынымен де халықтық партия құруға партия құрудың биліктің толық бақылауындағы бюрократиялық рәсімдері кедергі келтіреді.

Елімізде билік үшін, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері үшін саяси күрес жүргізу мәдениеті қалыптаспаған, себебі, барлық нәрсені шенеуніктер бақылайды. Дәл осы себептен Конституцияда бекітілген «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген ережені халықтың іс жүзіне асыруына мүмкіндік беретін терең конституциялық өзгеріс қажет.

– Қазақстанда Премьер-министр лауазымы жойылып, Үкімет мүшелері Президентке тікелей бағынатын болса елдегі бюрократия жойылады деген пікір қаншалықты негізді?

– Премьер-министр лауазымы формалды түрде жойылып, Үкімет мүшелерінің тікелей Президентке бағынуы оң нәтиже бермейді. Бұл мәселеге кеңірек қарау қажет. Аталмыш билік институты «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесінің қағидаттарына және мемлекет пен құқық теориясының ережелеріне негізделуі керек.

Біздің мемлекет президенттік болып қалуы керек, бірақ, оның үлгісі қазіргі қазақша үлгісінен өзгеше болуы тиіс. Өйткені, теория мен тәжірибеде басқарудың президенттік нысаны дегенде мемлекеттік басқарудың өзгеше жүйесі ұғынылады. Мәселен, Президенттік республика дегеніміз – мемлекеттік органдар жүйесінде Президенттің маңызды рөл атқаруымен, өз қолында Мемлекет басшысы мен Үкімет басшысының өкілеттігін біріктіруімен сипатталатын мемлекеттік басқару нысаны.

Бұл тәсілдеме тағы бір теориялық қағидатқа сәйкес келеді. Ол бойынша біртұтас мемлекеттік билік тәуелсіз үш тармақтан: заң шығарушы, атқарушы және сот билігінен тұрады. Ал қазақ мемлекетінің қазіргі мемлекеттік билік жүйесінде биліктің тағы бір және басты «төртінші» тармағы – шексіз өкілеттігі бар Президент аталмыш үш тармақтан жоғары тұр. Еліміздің 30 жылдағы даму тарихы көрсеткендей, бұл авторитаризм мен тоталитаризмге, елдегі жағдай үшін жауапкершіліктің біртұтас мемлекеттік билік тармақтарының арасында «жырмалануына», жоғары мемлекеттік қызметкерлердің енжарлығына, мемлекетті басқару жүйесінің күйреуіне әкеп соқтырады.

– Қоғамдағы сыбайластық пен жемқорлықты азайтуда азаматтық белсенділіктің маңызы зор. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесін қалай көтеруге болады?

– Бұл өте күрделі сұрақ, мемлекеттілігіміздің қазіргі жағдайында оған бір мағыналы жауап беру қиын, өйткені, елімізде барлық нәрсе авторитаризмге негізделген, іс жүзінде халық билікті бақыламайды.

Н.Назарбаевтың 30 жыл билік басында болуы елге ауыр салдарын қалдырды, соның ішінде билік, бизнес және әлеуметтік салада жемқорлық деңгейі жоғарылап, азаматтық қоғамның кері кетуіне, құндылықтар мен дәстүрдің жойылуына, азаматтардың енжарлығына алып келді. Адамдар билікке сенбейді, олардың қолында мемлекеттік органдарға әсер

ететін нақты құрал жоқ, саяси партия атаулының барлығы билікке тәуелді, азаматтық қоғам институттары дерлік жойылды.

Мұндай жағдайда азаматтық қоғам институттары тиімді жұмыс істейді деп күтуге болмайды. Халықты «ояту» үшін, сонымен қатар, азаматтардың өздерінің бизнесте және өмірде күмәнді схемаларға қатысуын болдырмау үшін оларға белсенділік танытуға және билік пен нақты басшыларды еш қорықпай сынауға мүмкіндік беретін түбегейлі шаралар қажет.

Қоғамда парақорлық пен жемқорлықтың кең етек жайғаны соншалық, онымен күресу үшін Мемлекет басшысының саяси ерік білдіруі, сондай-ақ, бизнес, экономика және әлеуметтік саланы басқару жүйесін өзгерту керек. Парақорлықта әрдайым екі тарап болады: біреуі береді, екіншісі алады... Әдетте, біріншісі – азаматтар мен кәсіпкерлер, ал екіншісі – билік өкілдері. Сондықтан, мемлекеттік басқару жүйесін өзгертіп, қоғамға пайдалы қызметтің рұқсат етілетін түрлерін барынша қысқарту, билік бәрін басқаруға тырысатын жағдайды болдырмау керек, бизнес заң талабына сәйкес, сондай-ақ, нарықтың жазылмаған ережесінің негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Азаматтардың белсенділік танытып, шенеуніктер мен олардың басшыларының заңсыз әрекеттеріне төзбеуіне мүмкіндік беретін, шынымен де жұмыс істейтін демократиялық институттар болуы тиіс. Мемлекеттік органдарда, соның ішінде сот жүйесінде де азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптасуы қажет. Қоғамдық қатынас негізінде заңдылық, әділеттілік және адамгершілік жатуы тиіс. Осындай тәсілдеме ғана ел азаматтарының белсенділігіне оң әсер етуі мүмкін.

– Қазіргі саяси партия жетекшілері арасынан кімді қайраткер деп атай аласыз?

– Өкінішке қарай, қазіргі саяси партиялардың бір де бір жетекшісін қоғамның құрметіне ие көшбасшы, мемлекет немесе қоғам қайраткері деп айта алмаймын. Барлық саяси партия жетекшілері билікті жақтайды, билікке тәуелді, ешқайсысын да халық қолдамайды. Іс жүзінде қазіргі саяси партия басшыларының барлығы елімізде авторитарлық режимді орнықтыруға, шынайы әрі сындарлы оппозицияны жоюға ықпал етті.

Әрине, бұл менің жеке пікірім, мүмкін, менімен келіспейтіндер бар шығар...

**МЕНИҢ ПІКІРІМШЕ, ЕҢ
БАСТЫСЫ — СУДЬЯЛАРДЫ
САЙЛАУ НЕМЕСЕ ТАҒАЙЫНДАУ
ЕМЕС, СУДЬЯ ЛАУАЗЫМЫНА
КАДРЛАРДЫ ДҰРЫС ІРІКТЕУ.
СУДЬЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҮМІТКЕРДІҢ
ЖОҒАРЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ БІЛІМІ,
ЗАҢ МАМАНДЫҒЫ САЛАСЫНДА
ЖЕТКІЛІКТІ КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕСІ
(ДАҒДЫСЫ) БОЛУЫ КЕРЕК,
СОНДАЙ-АҚ, ОЛ ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН
АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫН
ҰСТАНАТЫН, ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ ТӨРЕШІ
БОЛУЫНА ЖОЛ АШАТЫН БИІК
ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРГЕ ИЕ
БОЛУЫ КЕРЕК. ЕГЕР СУДЬЯ
ҚЫЗМЕТІНЕ ҮМІТКЕР ОСЫ
ТАЛАПТАРҒА САЙ БОЛСА, ОНЫ
ТАҒАЙЫНДАУ НЕМЕСЕ САЙЛАУ
КЕРЕК ДЕГЕН МӘСЕЛЕНІҢ ЕШ
МАҢЫЗЫ БОЛМАЙДЫ. МЕН
ӘРҚАШАНДА СОТ АКТІЛЕРІН
МЕМЛЕКЕТ АТЫНАН, ТЕК ҚАНА
ЗАҢҒА ЖӘНЕ ӨЗ СЕНІМІМЕ
СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП ШЫҒАРДЫМ.
ӘРИНЕ, ҚАТЕЛІК ЖІБЕРГЕНІМ ДЕ
БАР, БІРАҚ, БҰЛ МЕНІҢ ЖЕКЕ
ҚАТЕЛІГІМ ЕДІ, БАҚЫТЫМА
ОРАЙ, МҰНДАЙ ЖАҒДАЙ ӨТЕ
СИРЕК БОЛДЫ.**

– Академик Манаш Қозыбаевтың «қайраткер болар жанға көрегендік аз, ұлтжандылық керек» деген сөзі бар екен. Жаңа көшбасшыларды қалай қалыптастыруға болады?

– Академик М.Қозыбаевтың пікіріне толықтай қосыламын. Шынында да, халық құрметтейтін мемлекет немесе қоғам қайраткері болу үшін ұлтжандылық та, мемлекет пен қоғам дамуына стратегиялық көзқарас та керек. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Нағыз көшбасшы, адал, әділ, өз ісінің жоғары білікті кәсіпқой маманы, «тыңдай білетін және ести білетін», жүйелі әрі жасампаз, өзге пікірге төзімді, қызметінде белсенді, заңсыздыққа төзбейтін тұлға болуы тиіс.

Сонымен қатар, қоғам мен мемлекеттің даму деңгейі көшбасшыларды анықтайды. Бұл көшбасшылар қазір елімізде қалыптасқан жағдайға сәйкес келмеуі де мүмкін.

– Президент жолдауында кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейгенін айтты. Бұл жағдайға не түрткі болып отыр?

– Әсіре ұлтшылдық дегеніміз – идеология, шектен шыққан сипатымен ерекшеленетін, ұлттық мүддені әсіре дәріптейтін, бір мемлекеттің немесе бір халықтың мүддесін барлық басқаның мүддесіне қарсы қою арқылы іс жүзіне асыруға бағытталған ұлтшылдықтың бір түрі екенін атап өту керек.

Бұл мәселеге терең тоқталғым келмейді, себебі, мен саясаткер емеспін, заңгермін. Сонда да, қазақ мемлекетінің азаматы ретінде бұрын қазақ мемлекеттілігі болмағанын, кейбір аумақтар тарихи тұрғыда Ресейге тиесілі болғанын, елімізде русофобия сияқты құбылыстың барын, орыс тілді азаматтардың құқығы шектеліп жатқанын мәлімдейтін Ресейдің кейбір саяси көшбасшыларының елімізге қатысты айтқан пікірлерін оқу, тыңдау, көру және бұған төзу мен үшін өте қиын. Мұндай пікір кейбір ресейлік ғалымдар тарапынан да тұрмыстық деңгейде айтылып жүр. Әрине, мұндай мәлімдемелер еліміздің ұлттық мүддесіне тиеді, өйткені, тарихи шындыққа сай келмейді. Ресейлік саясаткерлердің осындай әрекетіне еліміздің Сыртқы істер министрлігі тиісті деңгейде барабар әрі ресми дипломатиялық жауап беруі керек. Еліміз мұндай айтылған пікірлерді салдарсыз қалдырмауы керек.

Сонымен қатар, Ресей мемлекетіміздің стратегиялық серіктесі екенін ескере отырып, екі

елдің және халықтарымыз арасындағы ресми, жалпы алғанда достық қарым-қатынасқа назар аударуымыз керек. Өз басым, қазіргі уақытта Ресей немесе басқа көрші елдер тарапынан қандай да бір жағымсыз әрекет жасалуы мүмкін деп еліміздің аландауына негіз жоқ деп сенемін.

Біздің саясаткерлер немесе азаматтар русофобияны қолдап, Ресей мен ресейліктерге қатысты жағымсыз, кейде қорлайтын пікір айтуын да құптамаймын. Жер аумағына қатысты талап айтылатын жағдайлар да бар. Азаматтарымыздың мұндай мінез-құлық танытуы билік пен қоғамды аландатуы тиіс, өйткені, көрші елдермен және халықтармен бейбіт қатар өмір сүру қазақ мемлекетінің қауіпсіздігі мен еліміздің көпұлтты халқының өркендеуінің негізі.

– Бұрынғы халық соты ретінде, судьялардың жоғарыдан тағайындалмай, сайлау арқылы қызметке келуі туралы ойыңыз қандай?

– Менің судья қызметінде елеулі еңбек өтілім бар. Ресей Федерациясында бірінші инстанция сотында судья болдым, Алматы қалалық соты төрағасының орынбасары қызметін атқардым, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болдым.

Ресейде мені судья қызметіне КСРО кезіндегі тәртіп бойынша халық сайлады, екінші сатыдағы сот төрағасының орынбасары қызметіне Алматы қалалық халық депутаттары кеңесінің сессиясында сайландым, Жоғарғы Соттың судьясы лауазымына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлады. Осылайша, судьялық өмірбаянымда қызметке үш жолмен сайландым. Қайсысы ең дұрыс ереже болғанын айта алмаймын.

Менің пікірімше, ең бастысы – судьяларды сайлау немесе тағайындау емес, судья лауазымына кадрларды дұрыс іріктеу. Судья қызметіне үміткердің жоғары академиялық білімі, заң мамандығы саласында жеткілікті кәсіби тәжірибесі (дағдысы) болуы керек, сондай-ақ, ол әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарын ұстанатын, тәуелсіз және жауапкершілігі мол төреші болуына жол ашатын биік тұлғалық қасиеттерге ие болуы керек. Егер судья қызметіне үміткер осы талаптарға сай болса, оны тағайындау немесе сайлау керек деген мәселенің еш маңызы болмайды. Мақтанғаным емес, бірақ судья болып қызмет еткен кезімде біреу маған нұсқау берген немесе санама ықпал еткен бір де бір жағдай болған жоқ. Мен әрқашанда сот актілерін мемлекет

атынан, тек қана заңға және өз сеніміме сүйене отырып шығардым. Әрине, қателік жібергенім де бар, бірақ, бұл менің жеке қателігім еді, бақытыма орай, мұндай жағдай өте сирек болды.

Сондықтан да айтарым, судьялардың сайлануы немесе тағайындалуы сот төрелігінің сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Бұған нық сенімдімін. Бірақ, егер біздің басшылар мен қоғамымыз еліміздің сот жүйесі мінсіз және судьялар құрамы сапалы болсын десе, сот жүйесін реформалауды тоқтату қажет, өйткені, мемлекеттік биліктің бұл тармағы тұрақты болуы және сот билігіне тән классикалық формаларға сай келуі керек. Соттар мен судьяларды мамандандыруды жалғастырған жөн, бұл сот төрелігін атқарудың сапасын арттыруға жақсы негіз болады, өйткені, судья құқықтың барлық саласының маманы бола алмайды. Жүктемені азайту мақсатында судьялардың санын айтарлықтай арттырып, әрбір судьяның кәсіби көмекшісі институтын енгізу керек, оның бірнеше көмекшісі болуы да мүмкін, олар судьяның істі мұқият зерделеуге, қолданылатын заңнаманы талдауға, іс бойынша түпкілікті сот актісін әзірлеуге мүмкіндігі мен уақыты болуы үшін істі қарауға дайындаумен, аралық процестік актілерді шығарумен айналысуы тиіс. Іс қағаздарын жүргізуге, процесс тараптарымен қатынас жасауға, сот процестеріне дайындыққа және т.б. басты назар аударатын судьяның хатшысы институтын енгізу керек. Судьялардың жалақысын едәуір арттыру және жеңілдік пен преференция енгізу керек, бұл судья лауазымына заңгерлер және ғалымдар ортасынан лайықты кандидаттарды тартуға жол ашады. Мемлекет судьяның мәртебесі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін басқа да шаралар қабылдауға тиіс.

– Бұрын Жоғарғы Соттың судьялары өз саласында мойындалған үздік мамандар арасынан іріктеліп алынатын. Қазіргі Жоғары Сот судьяларының кейбірін өзге тұрмақ өз әріптестері танымайды деген сын айтылып жүр. Бұл қаншалықты негізді деп ойлайсыз?

– Бұл сұрағыңызға ішінара жауап бердім. Менің ойымша, Жоғарғы Сотқа төменгі сатыдағы соттардан кәсіби білікті әрі адами қасиеттері жоғары, ең лайықты судьялар келуі тиіс. Сондықтан, жоғары сот сатысындағы кейбір судьяларға қатысты айтылып жүрген сынның негізі бар деп ойлаймын...

– Сізді әріптестеріңіз тек мұнай-газ ғана емес бүкіл жер асты қазба байлықтары саласындағы білікті заңгер санайды. Бұл саладағы келісімшарттарда қазір мемлекеттік мүдде толық ескерілген деуге бола ма?

– Жылы сөзіңізге рақмет. Шынында да, жер қойнауын пайдалану саласына 20 жылдан астам кәсіби өмірімді арнадым. Қызметімнің ғылыми бағыты – жер қойнауы саласындағы құқық, табиғи ресурстар құқығы, экологиялық құқық. Инвестициялық құқықты да жақсы меңгергенмін, өйткені, ұзақ жылдар бойы еліміздің мұнай-газ секторында инвесторлардың мүддесін білдірдім.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардағы мемлекет мүддесіне қатысты айтар болсам, елдің мүддесі келісімшарт ережелері және жер қойнауын пайдаланушылардың заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз ету арқылы іске асырылуы тиіс. Әр келісімшартта екі немесе одан көп тарап болады, ал жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта мемлекеттің мүддесін елдің құзыретті органы білдіреді. Ол келіссөз жүргізу, келісімшарт жобасын әзірлеу, оған қол қою кезеңінде жер қойнауы халықтың меншігі екеніне сүйеніп, мемлекет пен қоғамның мүддесін басшылыққа алуға міндетті. Келісімшартқа екі тарап өздері келіскен шарттардың негізінде қол қояды. Егер келісімшартты әзірлеу және оған қол қою кезінде мемлекетке өкілдік ететін адам біліксіз, жемқор болса немесе жеке мүддесін күйтесе, бұл ел мүддесінің қорғалмауына қолайлы жағдай туғызады.

Жер қойнауын пайдалану саласында негізінен шетелдік инвесторлар жұмыс істейтіндіктен, әлбетте, олар өзінің мүддесін, капиталын және пайдамен қайтуын ойлайды. Келіссөз барысында, келісімшартты әзірлеу және оған қол қою кезінде әдетте олар өздеріне қажет шарттарға қол жеткізеді. Ал егер бұл шарттар елімізге қолайсыз болса, өзара тиімді шарттарға қол жеткізу үшін мемлекет тарапынан келіссөз жүргізетін мамандардың кәсіби деңгейі жоғары болу керек.

Дегенмен, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың арасында еліміздің мүддесін толық дәрежеде қорғамайтын келісімшарттар да бар деп долбарлауға болады. Бірақ, бұған инвесторлар емес, Қазақстан тарапы кінәлі...

– Кейбір Парламент депутаттары шикізаттық келісімшарттарды қайта қарастыру керек деген ұсыныс айтып жүр. Бұл қаншалықты негізді деп ойлайсыз?

– Халық қалаулыларының мұндай үндеуін қолдамаймын, себебі, бұл ең алдымен олардың өз беделін арттыруға немесе жаңадан шыққан олигархтар тобының мүддесін қорғауға бағытталған хайпы... Сонымен қатар, олардың құқықтық мәдениеті жоқтығын және қолданыстағы заңнаманы білмейтінін айтуға болады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы, келісімшарттарда бекітілген қолданыстағы заңнама, сондай-ақ, келісімшарттарда қамтылатын төрелік ескертпелерде келісімшарттың қандай жағдайда және қандай негіз бойынша қайта қаралуы мүмкін екені нақты көрсетілген. Сондықтан, мемлекеттік биліктің заң шығарушы тармағының өкілдері болып табылатын депутаттар бұл ережелерді білуге және сақтауға міндетті.

Бұдан басқа, іс жүзінде жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың барлығы, әсіресе, ірі кен орындарын игеру үшін жасалғандары шетелдік капиталды пайдалануға негізделген. Яғни, әр келісімшарттың артында ұлттық және шетелдік инвесторлар тұр, олардың құқықтары мен заңды мүдделері де мемлекеттің келісімшартты үзуге немесе өзгертуге бағытталған негізсіз әрекет жасауынан қорғалуы тиіс. Мемлекет келісімшартты кез келген негіз бойынша өзгертуге бастамашы болса, бұл елдегі инвестициялық климатқа тікелей әсер етеді және оның салдары жағымсыз болатыны анық. Ал біздің елімізге бұрын да, қазір де жер қойнауын пайдалану саласына ғана емес, экономиканың басқа да секторларына қомақты инвестиция құю қажет. Сондықтан, Парламент депутаттарының мұндай үндеуі ел үшін қауіпті. Еліміздің экономиканы дамытуға жетерлік бос қаражаты бұрын да болмаған, қазір де жоқ, ел басшылығы жаңа инвестор іздеуге назарын аударып отыр. Ал мемлекет өз мүддемді қорғаймын деген желеумен қолданыстағы келісімшарттарды қайта қарауға бастамашы болатын елге қандай инвестор келеді...?

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ



**Айжан
МОЛДАҒАЛИЕВА,**
Қонаев университеті
«Құқық» даярлау
бағытының аға
оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БИЫЛҒЫ 8 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫН ТЕК БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТ ЕМЕС, ЕЛІМІЗДІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ШЫНАЙЫ «ЖОЛ КАРТАСЫ» ДЕП АТАУҒА БОЛАДЫ.

Әлем технологиялық революция дәуіріне қадам басып, жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және жаһандық бәсекелестік жаңа шындықты қалыптастыруда. Сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы қайшылықтар күшейіп, тез әрі нақты шешімдерді қажет ететін қауіп-қатерлер пайда болуда. Еліміз тұрақты дамуды, қауіпсіздікті және егемендікті қамтамасыз ететін көпвекторлы

байланыстарды белсенді түрде құруға ұмтылып жатыр.

Жолдаудың басты идеясы қарапайым, десе де, стратегиялық тұрғыдан маңызды. Еуразияның дәл ортасында орналасқан Қазақстан әлемнің болашағына әсер ететін негізгі процестерге қатысуға міндетті. Осы мақсатта ел идеологиялық шекарасыз, бірақ, ұлттық мүдделерге нақты назар

аударала отырып, прагматикалық ынтымақтастыққа басымдық беруде. Мұндай тәсіл экономика мен энергетикадан бастап терроризмге қарсы күрес пен экологияны қорғауға дейінгі түрлі салада түсіністік табуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауы ел дамуының жаңа белестерін белгілейтін, барлық үрдістерді көрсететін жаңа мазмұнға толы маңызды құжат болып табылады. Бұл жолдаудың негізгі тақырыбы цифрландыруды дамыту және жасанды интеллектті енгізу, сондай-ақ, инвестицияларды дамыту мен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған.

Су – тіршілік көзі. Елімізде су саясатын жаңа бағытта жүргізу, трансшекаралық су пайдалану мәселелерін оң шешу Үкіметтің маңызды міндеттері екенін Президентіміз өз жолдауында баса атап көрсетті. Жолдауда берілген тапсырмалар аясында елімізде су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі әзірленіп, 2026 жылға қарай жер үсті және жер асты сулары, гидроқұрылыстар, су қоймалары және басқа да деректер толық цифрландырылады деп күтілуде. Сондай-ақ, жасанды интеллект пен ғарыштық мониторинг деректерін қолдану жоспары да жүзеге асырылуда, бұл елдің су балансын орнатуға, нақты қажеттіліктерді анықтауға, бүкіл ел бойынша су ресурстарын пайдалануды талдауға және бақылауға мүмкіндік береді.

Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінің негізгі мақсаты – су ресурстарын басқару процестерін цифрландыру және оңтайландыру ғана емес, сонымен қатар, нақты уақыт режимінде су объектілерінің жай-күйіне мониторингті қамтамасыз ету, су ресурстарын есепке алу және басқару үшін бірыңғай цифрлық платформа құру, мемлекеттік жүйелермен интеграциялау есебінен деректердің қайталануын жою болып табылады.

Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі – елдің су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу, талдау және басқаруға арналған бірыңғай цифрлық платформа. Бұл жүйе аясында суды тұтынуды есепке алу мен деректерді өңдеу процесін автоматтандыру, мемлекеттік және салалық ақпараттық жүйелермен ықпалдасу, сондай-ақ, суды пайдаланушылардың цифрлық профильдерін құру жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда жүйенің суды пайдаланудың негізгі қырлары мен су балансының маңызды аспектілерін қамтитын ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика және басқа да салаларда алдын ала жоспарлау жұмыстары кезінде «зияткерлік ресурсқа» айналатын үлкен деректер қоры қалыптастырылуда.

Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі жекелеген аймақтармен немесе су бассейндерімен ғана шектелмейді, керісінше, бірыңғай платформа ретінде құрылып, суды пайдаланудың әртүрлі сценарийлеріне бейімдеуге және барлық өңірлерде бірыңғай цифрлық стандарттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ашықтықты қамтамасыз етеді әрі цифрлық форматқа көшуге жол ашады.

Бүгінде платформа – Шу-Талас, Тобыл-Торғай, Ертіс, Балқаш-Алакөл, Есіл және Жайық-Каспий сынды бассейндерді құрап отыр.

Платформа қалай жұмыс істейді десек, Қазақстанның су ресурстары туралы барлық негізгі деректерді біріктіретін кешенді ақпараттық-талдамалық hydro.gov.kz платформаға айналады, онда су объектілері, гидротехникалық құрылыстар, су шаруашылығы бассейндері мен учаскелері, гидропосттар және т.б. жинақталған бірыңғай су кадастры қалыптастырылады.

Жүйеге мынадай деректер енгізіледі:

- су нысандары, гидротехникалық құрылыстар және магистральдық каналдар туралы мәліметтер;
- барлық санаттағы суды пайдаланушылардың су алу және су бұру мониторингі мен есебі;
- климаттық және гидрологиялық көрсеткіштер (бақылау бекеттері мен метеостанциялар деректері);
- жерді қашықтан зондтау мәліметтері, спутниктік суреттер және суару модельдері;
- ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, энергетикада және коммуналдық секторда су тұтыну туралы салалық деректер.

– Осылайша жүйе мемлекеттік органдар, су пайдаланушылар мен ғылыми қауымдастық үшін сенімді ақпарат көзіне айналып, су ресурстарын басқаруда кешенді тәсілді қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесімен ықпалдастырылған салалық жасанды интеллект ассистентін (чат-бот) енгізу жоспарлануда. Бұл алдын ала болжамның нақтылығын арттырады, ресурстарды ұтымды бөледі және процестердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

2026 жылдан бастап 103 каналға реконструкция және автоматтандыру жүргізіледі. Бұдан бөлек, 264 каналға жобалау-сметалық құжат әзірленіп жатыр. Бұл жұмыстар 2028 жылға дейін аяқталып, 2030 жылға қарай елдегі су инфрақұрылымының кемінде 40%-ы цифрлық технологиялармен қамтылмақ.

Мақала АР26193915 «Тұрақты даму жағдайында Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландырылатын ғылыми жоба шеңберінде әзірленді.

ҚАЗҰУ – ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕДІ



Айнұр УРИСБАЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ заң факультетінің
Академиялық комитет
төрайымы, азаматтық
құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының
аға оқытушысы

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚҰРЫЛҒАЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ. 90
ЖЫЛДАН АСА ТАРИХЫ БАР УНИВЕРСИТЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕҢГЕЙДЕ ЖОҒАРЫ БЕДЕЛГЕ ИЕ. РЕСМИ ДЕРЕКТЕРГЕ ЖҮГІНСЕК,
АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕ ОҚУДЫ 54 СТУДЕНТПЕН БАСТАҒАН БІЛІМ
ОРДАСЫ МАМАНДАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТА
ДАЯРЛАСА, KEЙІННЕН УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ТҮРЛІ
МАМАНДЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ. БҮГІНДЕ 30 МЫҢДАЙ
СТУДЕНТ БІЛІМ АЛАДЫ. ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ЕСІМДЕРІ ТЕК
ҚАЗАҚСТАНҒА ҒАНА ЕМЕС, ДҮНИЕ ЖҮЗІНЕ ТАНЫМАЛ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ, ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВ, Т.ТӘЖІБАЕВ,
ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН, ҚАНЫШ СӘТБАЕВ, САЛЫҚ ЗИМАНОВ
СЫНДЫ ҒАЛЫМ-АКАДЕМИКТЕР ДӘРІС ОҚЫДЫ.**

Кеңес Одағының тұсында елімізде екі университет болса соның бірі әрі бірегейі осы ҚазҰУ болды. 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізуіміз университет тарихына да айрықша әсер етті. Олай дейтініміз, азаттық таңымен бірге университеттің де жаңа кезеңі басталды. Яғни, С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ге әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фараби есімі берілді. Ал еліміздегі алғашқы Ұлттық университет мәртебесін алғанына келер жылы ширек ғасыр толады.

«Қара шаңырақ» атанған ҚазҰУ біз үшін әрқашан да мақтаныш. QS рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындысында ҚазҰУ «QS World University Rankings (QS WUR) – 2024» рейтингінде, яғни, «академиялық бедел», «жұмыс берушілер арасындағы бедел», «бір оқытушыға шаққандағы дәйексөздер саны», «оқытушылар санының студенттерге арақатынасы», «шетелдік студенттердің үлесі», «шетелдік оқытушылардың үлесі» секілді көрсеткіштерімен 163 орыннан көрінді. Биыл ҚазҰУ Азияның үздік университеттері – QS Asia University Rankings 2025 рейтингінде 29-орынға ие болды. Университет Еуропаның үздік университеттерінің қатарында.

Орталық Азияда ҚазҰУ түлектерін жұмысқа орналастыруда 550 жоғары оқу орнының арасында биік деңгейге жеткен алғашқы университет. Бұған қоса ҚазҰУ «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «5 жұлдызға» ие болған Орталық Азиядағы тұңғыш әрі жалғыз университет. Негізінен барлық оқу орны ең бірінші мықты түлектерімен бағаланады. Бұл ретте ҚазҰУ әрқашан да алдыңғы орында. Оған осы оқу орнын бітірген түлектер арасынан шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлері мен көрнекті ғалымдар, депутаттар, қаламгерлер, кәсіпкер-менеджерлер, дипломаттар дәлел.

Заң факультетінің ғылыми беделі оның жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындауға қосқан зор үлесімен айқындалады. Ғылыми кадрлардың дайындығы магистратура, аспирантура және PhD докторантурасы арқылы жүргізіледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзінің жеті жүзге жуық жоғары оқу орындары ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ал студенттері АҚШ, Еуропа, Азияның озық университеттерінде білімдерін жетілдіру мүмкіндігіне ие. 2022

жылы университет зерттеу университеті мәртебесін алды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ҚазҰУ жоғары білім беру кеңістігінде әлемдік деңгейде мойындалған. Сонымен қатар, бұл білім ордасы ғылыми жетістіктер, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жағынан да көш басында тұр. Университет Web of Science деректер қорының «Ғылым көшбасшысы» сыйлығы үш аталымының жеңімпазы.

Қазақстанның құқық, заң салаларының дамуына мықты мамандарымен өлшеусіз үлес қосып жатқан университеттің заң факультетіне биыл 70 жыл болды. Факультет студенттері магистратура мен PhD докторантурасында, сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарында білім-біліктерін жетілдіре алады. Заң факультетінің студенттері заманауи талаптар мен әлемдік стандарттарға сай оқу бағдарламаларымен оқытылады. Студенттерге тәжірибелі, жоғары дәрежелі ұстаздар мен мамандар дәріс береді.

Факультетте ғылыми-зерттеу жұмыстарына айрықша көңіл бөлінеді. Мұнда заң, құқық жүйелерінің өзекті мәселелерін зерттеп, дамытумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтары бар. Олардың жұмысы заңдарды жетілдіруге, сол арқылы адам құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің әділ қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Құқықтық реформалар, адам құқықтарын қорғау, экологиялық құқық және халықаралық құқық салаларында көптеген маңызды зерттеулер жүргізілуде. Студенттер ғылыми конференциялар мен байқауларға белсене қатысады.

Студенттер соттарда, құқық қорғау органдарында, адвокаттық, заңгерлік кеңселерде тәжірибеден өтіп, теориялық білімдерін практикамен ұдайы ұштастырып отырады. Қазақстанның ең беделді білім ордасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті әрқашанда өз биігінде қалары талассыз. Өйткені, заң факультетінің негізін қазақстандық заң ғылымының бүгінгі деңгейге жетуіне бар күш-жігерлерін жұмсап, өмірлерін арнаған мықты заңгер ғалымдар қалаған. Осы себепті, біз заң саласы корифейлері салған ізді жалғастырып, университетіміз бен факультетіміздің мәртебесін одан әрі биіктету жолында талмай еңбек етуге міндеттіміз.

ВОЗМЕЩЕНИЕ ВРЕДА ВСЛЕДСТВИЕ НЕЗАКОННЫХ РЕШЕНИЙ



Нуржан ОМАРОВ,
*председатель
Специализированного
межрайонного суда
по административным
правонарушениям
г. Павлодара*

РЕАБИЛИТАЦИЯ ВОЗМЕЩЕНИЯ ВРЕДА, ПРИЧИНЕННОГО НЕЗАКОННЫМИ ДЕЙСТВИЯМИ ОРГАНА (ДОЛЖНОСТНОГО ЛИЦА), УПОЛНОМОЧЕННОГО РАССМАТРИВАТЬ ДЕЛА ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯХ, ВКЛЮЧАЕТ В СЕБЯ ПРАВО НА ВОЗМЕЩЕНИЕ В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ ИМУЩЕСТВЕННОГО ВРЕДА, УСТРАНЕНИЕ ПОСЛЕДСТВИЙ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА И ВОССТАНОВЛЕНИЕ ВО ВСЕХ УТРАЧЕННЫХ ИЛИ УЩЕМЛЕННЫХ ПРАВАХ.

Право на возмещение имущественного вреда имеют лица, которым он причинен в результате незаконных действий суда, органа (должностного лица).

Согласно ч. 1 ст. 861 КоАП лицо, в отношении которого вынесено постановление судьи, органа (должностного лица), уполномоченных рассматривать дела об административных правонарушениях, о прекращении дела по основаниям, предусмотренным подпунктами 1) – 7) и 11) ч. 1 ст. 741 настоящего Кодекса, считается невиновным и не может быть подвергнуто каким-либо ограничениям в правах и свободах, гарантированных Конституцией и законами Республики Казахстан.

Право на возмещение вреда, причиненного в результате незаконных действий судьи, органа (должностного лица), уполномоченных рассматривать дела об административных правонарушениях, имеют:

- лица, указанные в ч. 1 ст. 745 КоАП (потерпевшие – физические и юридические лица);
- лица, в отношении которых производство по делу не должно было быть начато, а начатое подлежало прекращению по основаниям, предусмотренным пп. 1-7 и 11 ч. 1 ст. 741 КоАП, если производство по делу было начато, несмотря на наличие обстоятельств, исключающих производство по делу об административном правонарушении, или не было прекращено с момента их выявления.

Указанные лица имеют право на возмещение в полном объеме имущественного вреда, устранение последствий морального вреда и восстановление во всех утраченных или ущемленных правах.

Признание права гражданина на возмещение вреда заключается в том, что указанный орган, приняв решение о реабилитации, обязан довести до сведения гражданину его права. Выражается это в том, что судье, органу (должностному лицу), уполномоченному рассматривать дела об административных правонарушениях, необходимо вручить либо переслать по почте копию постановления о прекращении дела, об отмене или изменении иных незаконных решений лицу, имеющему право на возмещение вреда, или заинтересованному лицу.

Одновременно гражданину направляется извещение с разъяснением порядка возмещения вреда. Извещение представляет собой перечисление всех прав, которые имеет гражданин на возмещение вреда, согласно ст. ст. 861-869 КоАП.

При пересылке по почте (что является наиболее предпочтительней и наиболее целесообразней в работе суда или правоохранительного органа) также необходимо сделать отметку о регистрации таких документов на отправку адресату и фиксации получения этих документов адресатом. Можно документы направлять заказным письмом с уведомлением о получении, аналогично как направляются уведомления (извещения) согласно ст. 743 КоАП, поскольку в соответствии с ч. 3 ст. 18 Конституции РК человек и гражданин имеют право на ознакомление с затрагивающими его права и интересы документами, решениями и источниками информации, а государственные органы и должностные лица должны обеспечить такую возможность.

Требование о возмещении имущественного вреда может быть предъявлено лицом в течение одного года, с момента получения постановления о производстве денежных выплат.

Порядок возмещения имущественного и морального вреда несколько отличается. Иски о компенсации в денежном выражении за причиненный моральный вред предъявляются в порядке гражданского судопроизводства. В свою очередь, имущественный вред рассчитывается непосредственно судьей или должностным лицом, уполномоченным рассматривать дела об административных правонарушениях. Для этого он может запросить справки о доходах, информацию об имуществе, которое было из владения лица и т.д.

Признав право на возмещение имущественного вреда, рассчитав сумму, подлежащую выплате, судья или должностное лицо выносит постановление о производстве денежных выплат. Постановление вручается лицу, имеющему право на получение этих выплат. Об этом должна быть сделана отметка с датой вручения, с этого времени начинается отсчет срока в один год, в течение которого реабилитированный имеет право предъявить требование о производстве денежной выплаты.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК МӘНІ БАР МӘСЕЛЕ. ОСЫҒАН ОРАЙ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА «ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ. БОЛАШАҒЫН ОТАНЫМЫЗБЕН БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ӘРБІР АЗАМАТ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ДЕН ҚОЮҒА ТИІС» ДЕП МІНДЕТТЕДІ.

Осы ретте қазақ тілін дамытып, оның қолдану аясын жан-жақты кеңейту мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырудың маңызы зор. Солардың ең бастысы, қазақша сөйлеуге

үйретудің тиімді жолдарын қарастыру. Бұл мәселе күн тәртібінен түспеуі керек. Себебі, «Тіл қарым-қатынас құралы». Әрбір маманның өз ісінің нағыз шебері болуы өз елінің мем-

лекеттік тілін сауатты меңгеруімен де тығыз байланысты.

Ата Заңның талабына сай, ешкімді де ұлты мен тіліне байланысты кемсітуге болмайды. Заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең. Қазақстан азаматтары ана тілін қолдануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқылы. Мемлекеттік тілді дамыту тіл саясатының басым бағыттарының бірі. Сондықтан, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы мемлекеттік тілді жетік білетін және елге адал қызмет ететін мамандарға тікелей байланысты. Мысалы, елімізде әр жыл сайын «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы», «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және т.б. республикалық конкурстар өткізіледі. Бұлар өз кезегінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, тіл мәдениетін арттыруға серпін береді.

Мәртебесі Конституциямен бекітілген қазақ тілінің өркен жайып, тұғыры нығаюы үшін сот жүйесінде де ауқымды шаралар атқарылуда. Соттарда жұртшылықтың сұрақтарын қазақ тілінде қойып, тыңғылықты жауап алуына барлық жағдай жасалған. Судьялар мен сот мамандары мемлекеттік тілді жетік біледі. Іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен қатар, барлық сотта сот төрағаларының өкімдерімен мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселелерімен айналысатын жауапты тұлғалар бекітілген.

Мемлекеттік тілде іс жүргізуде қателіктердің болмау жолдарын қарастыратын шараларға ұдайы басымдық беріледі. Құқық қорғау, тағы басқа мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, адвокаттар мен сот орындаушылардың қатысуымен соттарда мемлекеттік тілде іс жүргізудің өзекті мәселелеріне арналған дөңгелек үстелдер, семинар-тренингтер өткізілуде. «Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу», «Сот кеңселерінде мемлекеттік тілдің қолданылуы» сынды тақырыптарда ұйымдастырылған іс-шаралар патриотизмнің ең шынайы көрінісі ретінде ана тілді білу қағидатын алға шығарып, қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызын арттырады.

Судьялар мен сот мамандары жергілікті және республикалық басылымдарда мемлекеттік тілдің маңызын арттыратын мақалалар жариялауда. ҚР Жоғарғы Соты судьялар мен сот қызметкерлеріне арналған соттағы іс қағаздарды, сот актілерін мемлекеттік тілде жүргізудің үлгілері көрсетілген оқулықтарды шығарды. Қазіргі күні қазақ тілі мемлекеттік биліктің сот тармағында лайықты биігіне көтеріліп келеді.

Еліміздің «Тіл туралы» заңының 4-бабымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені және оның мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі болатыны айқындалған. Бұған қоса Үкімет пен мемлекеттік органдарға қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсету міндеті жүктелген.

Ел заңдарында мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын топтастырушы фактор екені нақтыланған. Мемлекеттік тілге деген құрмет нақты заң нормаларымен бекітілген. Бұл тек сот ісін жүргізуде ғана емес қазақ тілінің елдік мәртебесін көтеруде қазақстандықтардың бір кісідей жұмылып атсалысуы керектігін көрсетеді. Осы тұста ғалым Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас – жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» деген сөзін келтіре кеткен жөн болар.

Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шара емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі бағыттардың бірегейі болуы тиіс. Сонда ғана діттеген межеге жетеріміз анық. Мәселен, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік процестік, сондай-ақ, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер талабына сәйкес, сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Тек қажеттілік болса ғана орыс тілі қазақ тілімен қатар қолданылады. Заңның осы талабын дұрыс түсініп, қолдану еліміздің барлық азаматына сын. Өйткені, Қазақстанның болашағы – қазақ тілімен тығыз байланысты. Президент айтқандай, қазақ тілі ел азаматтарын біріктіруші күшке айналуы тиіс. Қазақ тілі мемлекеттік басқару тіліне айналуы үшін бірінші кезекте мемлекеттік органдардың қызметкерлері халыққа үлгі болулары керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей бұл мәселеде мемлекеттік тілдің маңызын насихаттайтын іс-шаралардың нәтиже берері анық.

Гаухар КАСЫМБАЕВА,

*Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы*

ПОДСУДНОСТЬ ПО ДЕЛАМ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ



Гульмира ТОЛЕУБАЕВА,
*судья Специализированного
межрайонного суда по
делам несовершеннолетних
Акмолинской области*

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЕ СУДЫ – ЭТО СУДЫ, КОТОРЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬНО ВЫДЕЛЕНА КОМПЕТЕНЦИЯ ПО РАССМОТРЕНИЮ ОПРЕДЕЛЕННЫХ КАТЕГОРИЙ ДЕЛ, ОТЛИЧНЫХ ПО ПРЕДМЕТУ ИЛИ СУБЪЕКТУ СПОРА, ИЛИ ПО ХАРАКТЕРУ ПРАВОНАРУШЕНИЙ. ПОДСУДНОСТЬ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫМ МЕЖ-РАЙОННЫМ СУДАМ ЗАКРЕПЛЯЕТСЯ В НОРМАТИВНЫХ АКТАХ, В ПЕРВУЮ ОЧЕРЕДЬ ЭТО ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ КОДЕКСЫ, РЕГУЛИРУЮЩИЕ ПОДСУДНОСТЬ ГРАЖДАНСКИХ ДЕЛ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫМ СУДАМ И СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫМ СОСТАВАМ.

Конституционные нормы и Конституционный Закон о судебной системе и статусе судей определяют статус таких судов, что они являются частью единой судебной системы Республики Казахстан.

Специализированные суды призваны повышать качество, специализацию, эффективность.

Подсудность специализированным межрайонным судам важна, поскольку позволяет концентрировать компетенцию и опыт по делам схожего характера; способствует более эффективному, качественному отправлению правосудия; снижает нагрузку на обычные суды; может ускорять рассмотрение дел, уменьшать издержки – в случае правильной организованной системы; обеспечивает большую правовую предсказуемость, если нормы четкие.

Специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних (ювенальные суды) – это институт судебной ветви, созданный для защиты прав, свобод и законных интересов несовершеннолетних.

Они призваны обеспечить справедливое, гуманное и оперативное рассмотрение уголовных, гражданских и административных дел, в которых участвуют дети. Подсудность таких судов – один из ключевых вопросов, определяющих, какие дела к ним поступают, откуда и при каких условиях.

Специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних (ювенальные суды) – это суды комплексной юрисдикции, которые рассматривают уголовные, гражданские и административные дела, когда одна из сторон – несовершеннолетний, либо когда дело затрагивает права и законные интересы несовершеннолетнего.

Указанные суды созданы Указом Президента Республики Казахстан 04 февраля 2012 года.

С 01 сентября 2023 года подсудность ювенальных судов была расширена в ряде категорий гражданских дел, споров, связанных с воспитанием детей и защитой их прав. Это стало возможным благодаря поправкам законодательства, в том числе гражданского процессуального кодекса.

Ювенальным судам подсудны дела:

- о расторжении брака между супругами, имеющими общих несовершеннолетних детей;
- о разделе имущества, если при разделе имеется несовершеннолетний ребенок;
- о порядке общения близких родственников или родителей с детьми, проживающими отдельно;
- об определении места жительства ребенка, включая случаи переезда за пределы Республики Казахстан на постоянное место жительства;

- о лишении (ограничении) родительских прав;
- об усыновлении (удочерении) ребенка, его отмене, признании недействительным усыновления;
- направление несовершеннолетних в специальные организации образования или организации образования с особым режимом содержания;
- споры из опеки и попечительства (патроната) над несовершеннолетними;
- установление отцовства и взыскание алиментов;
- изменение размера алиментов, освобождение от уплаты алиментов, задолженности по алиментам;
- о защите трудовых, жилищных, наследственных прав несовершеннолетних;
- о возвращении незаконно перемещенного или удерживаемого ребенка в Республике Казахстан, либо об осуществлении прав доступа на основании международного договора;
- возмещение вреда, причиненного совместно несовершеннолетними и совершеннолетними, в том числе с участием недееспособных или ограниченно дееспособных совершеннолетних.

Уголовные дела, совершенные несовершеннолетними, а также уголовные дела, нарушающие права несовершеннолетних также подлежат рассмотрению ювенальными судами.

Административные дела, например, нарушения, связанные с воспитанием, обучением детей, либо другие правонарушения с участием несовершеннолетних также входят в подсудность ювенальных судов.

Особенностями и принципами рассмотрения дел с участием несовершеннолетних является обязательное участие психолога в судебных заседаниях, в том числе при допросе несовершеннолетнего в гражданских и уголовных делах. Применение примирительных процедур и медиации в спорах, особенно семейных. Создание дружественной среды: специализированные комнаты, кабинеты, условия, где ребенок может общаться с психологом, в отсутствии лишней травматизации.

Ребенок, достигший десяти лет, имеет право быть заслушанным судом по вопросам, затрагивающим его права и интересы (например, место жительства, порядок общения с родителями).

Суд может не учитывать мнение ребенка, если это противоречит его интересам. Опрос ребенка проводится в присутствии педагога или психолога. Заседание может проходить в закрытом режиме. Целью является выяснение мнения ребенка, его отношение к ситуации, при этом, не повлияв на его эмоциональное состояние.

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ДАУЛАРДЫҢ ҚАРАЛУЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА ТІКелей БАЙЛАНЫСТЫ. ОСЫ РЕТТЕ СОТПАРҒА ТУРИСТЕРДЕН ТУРКОМПАНИЯЛАРДЫҢ ШАРТ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАМАУЫНА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА, ТУРОПЕРАТОРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІҢ ТУРДАН БАС ТARTУ ҚҰҚЫҒЫНА, СОНДАЙ-АҚ, ЖАЛҒАН КОМПАНИЯЛАР МЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АЛАЯҚТЫҚ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАР ТҮСЕДІ. ӨЙТКЕНІ, ЕЛІМІЗДЕ КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗАТЫН ЖОСЫҚСЫЗ ТУРИСТІК КОМПАНИЯЛАР БАРШЫЛЫҚ.



Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 271-бабына сәйкес, міндеттер шарттан, зиян келтіруден немесе кодексте белгіленген өзге де негіздерден туындайды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңның 42-2-бабына сәйкес, туристік агенттіктер тарапынан қажетті іс-әрекеттер белгіленген мерзімде көрсетілмесе құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, мердігерге), тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға немесе тұтынушы дауын сотқа дейін реттеу субъектісіне, сондай-ақ, заңда белгіленген тәртіппен оның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінеді

Турист – тұтынушы, агенттік – орындаушы, сондықтан, арадағы қарым-қатынас «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңмен реттеледі. Егер туристің қызмет сапасына көңілі толмаса, мысалы, қонақ үй, тамақтану немесе трансфер көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда оларды жақсарту туралы туроператордан талап ете алады.

Осы ретте тоқталып өтерлігі, тұтынушылардың құқықтарын қорғауда кәсіпкерлік субъектісі арызды қабылдаудан бас тартса, тұтынушы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 193-бабына сүйене отырып полиция шақыра алады. Тағы бір құптарлық жайт, моральдық шығынды сотқа дейін өтеу болып табылады. Бұрын моральдық шығынды өтеу соттың құзыретінде болса, енді тұтынушылар моральдық зиянды өтеуді сотқа дейін талап етуге құқылы. Бұл олардың эмоционалдық күйзеліс, қорлау және бастан кешірген барлық басқа нәрселері үшін өтемақы алу құқығына ие екенін білдіреді.

Туристер өз құқықтарын қорғауды сотқа дейін реттеу мүмкіндігін пайдалану үшін мәселені тікелей туроператормен немесе турагентпен келісе отырып шешеді. Мұндай әрекет көмектеспесе, жергілікті тұтынушылардың құқықтарын қорғау органына шағымданады.

Сотқа дейінгі бітімгершілікке қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда сотқа талап қоюға болады. Осы ретте қажетті дәлелдемелер, атап айтқанда, келісім-шарт, корреспонденциялар, түбіртектер, фотосуреттер, куәлардың сөздері толықтай жинақталғаны жөн. Мысалы, қызмет көрсету сапасының төмендігіне байланысты жүгінген кезде сотта ең алдымен қызметтердің шартта немесе жарнамада көрсетілген жайттарға сәйкестігі зерттеледі. Шарт туристік

агентпен жасалса да сапасыз қызмет үшін турист алдында туроператор жауап береді. Себебі, туристік агенттік қызметі хабарлама негізінде жүзеге асырылады, ал туроператорлық қызмет лицензияланады.

Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заңның талабына сәйкес, турист туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаға шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама берілгенге дейін көрсеткен қызметтері үшін шеккен нақты шығындарын төлесе, сапар басталғанға дейін шартты орындаудан бас тартуға құқылы

Туроператордың өз міндеттерін орындамағаны дәлелденсе заң талабына орай сот шешімі туристердің пайдасына шығарылады. Мысалы, туристер туристік агентпен келісімшартқа отырғанымен, жауапкер билеттерді уақытында сатып алмаған. Алайда, саяхаттауға бел буған туристер билетті өздері сатып алып діттеген елге барады. Келген соң турагенттіктің үстінен сотқа шағым түсірді. Сотта туристердің талаптары толығымен қанағаттандырылды. Қазақстандық соттарда шетелдерге барып сақтандыруды пайдалана алмаған туристердің пайдасына шешілген істер жетерлік.

Туристерді міндетті сақтандыру туралы заң талабы бойынша туристерді сақтандыру жауапкершілігі туристік агенттіктерге жүктелген. Дегенмен, туристік фирмалар арасында сақтандыру полисін орындамайтындар да кездеседі. Мұндай дауларда шешім туристердің пайдасына көзделеді. Тағы бір мысал, туристке келісімшарт бойынша үш жұлдызды қонақүйден нөмір беруге уәде етілген, бірақ, келгеннен кейін оған терезелері жоқ бөлме берілген. Осы іске байланысты да туристің талабы қанағаттандырылды.


Қазіргі кезде жалған аккаунттар ашып, арзан авиабилеттерді ұсынатындар, нәтижесінде алдын ала төлем алып, алдап кететіндер көп. Шетелдерге саяхаттауда лицензияның болуын, компанияның жұмыс мерзімін, шарттардың ашықтығын және ресми төлем әдістерін тексеріп, компания туралы пікірлерге мұқият зер салу керек.

Азаматтар тек ресми тіркелген туроператорға хабарласып, ақшаны күмәнді делдалдарға бермегені ғана келеңсіздіктің алдын алады. Күдікті жағдайлар туындаса тез арада құқық қорғау органдарына хабарласу маңызды.

Д. БУЛТЫКОВА,

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСА КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, ӘЙГІЛІ ЖЫР ЖҮЙРІГІ ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЕЛ МҮДДЕСІМЕН, ҰЛТ ТАҒДЫРЫМЕН ОРАЙЛАСАТЫН ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫНАН БӨЛІП ҚАРАУ МҮМКІН ЕМЕС. РУХАНИ ӘЛЕМІМІЗДЕ ЕРЕКШЕ ОРНЫ БАР, БҰЛ АҒЫМ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛҒАНДА ОНЫҢ ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫ МЕН ӨСИЕТ-ӨНЕГЕСІ ЖӨНІНДЕ АЙТЫЛМАЙ ҚАЛМАЙДЫ. ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ЖЫРЫН ЖЫРЛАП, ЖОҒЫН ЖОҚТАҒАН ШОРТАНБАЙ МҰРАСЫ ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА ЖАЛҒАСАТЫН ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН САН ҰРПАҚТЫҢ КӘДЕСІНЕ ЖАРАП КЕЛЕДІ.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы тұтас бір дәуірді қамтыған зар заман ағымы, зар заман-көлеңкесінен қорыққан, дамуды көре алмаған, сарыуайым, кертартпа шер-қайғының шырмауындағы «байғұс жандардың» ойдан шығарған елес дүниесі емес, зар заман – тарих ақиқаты. Зар заман ағымы – қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір нақты құбылыс.

Қара өлеңнің, сикырлы сөздің тұтқынға тұтылып, шырғалаңға шырмалып, кәдімгідей қасірет шегетіні арқаға аяздай бататын ащы шерді ақтарғандығынан. Ал, ащы ақиқат қайғы-мұңның зілмауыр салмағы түскенде ғана айтылады. Ұлы Абайға жүгінсек, «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады».

Өз ұлтының төл тарихымен тамырлас қазақ әдебиеті де қайта оралған қазыналардан кенде емес. Соның көпшілігі құлашты кең жаздырмаған құрсаулы жүйенің, озбырлық пен ойранға толы отарлау дәуірінің ақиқатын айтқан шығармалар екені даусыз. Бодандық бұғауына түскен ұлт пен ұлыстардың қайғы-шері мен зар-мұңы, азаттықты аңсаған ұлы арманы жыр болып ақтарылып, запыран болып төгіліп, халық жадынамасындағы рухани мұралармен бірге жасасып келеді. Отаршылдықтан қысымшылық көрген қалың жұрттың қайғысын ақтарған төлтума дүниелерді Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан мезгілі», – деп сипаттайды.

Бодандықтың қамытын киген көшпенді халық кешегі күнгі жалына қол тигізбейтін еркіндігін, өзінің табиғатына ғана жарасатын салт-дәстүрлерін, той-думанмен өткен дәуренін шерлі сағынышпен еске алады. Сонымен қатар қайғы жұтқан қалың елдің өз басындағы ахуалға, замананың өзгерген түріне, отарлаушылардың озбыр іс-әрекетіне, жаңа билеушілердің мінез-құлқына, оларға құлдық ұрған ел пысықтарының жағымсыз жүріс-тұрыстарына бағыштап өз сөзін айтуы заңды нәрсе. Бұл шерлі шындық тіршіліктің қақпасын ән-жырмен ашып, пәниден көшкенде зар-жырмен қоштасатын қазақ халқының әдебиетінде көрініс тапса, оған таң қалатын дәнеңесі де жоқ. Мұндай рухани құндылықтарды санаға саясаттың салқыны тиген, ой-пікір бостандығына тұсау салынған кезеңде шынайы бағалап, шоқтығын көтеруге мүмкіндік болмады.

Идеологиялық қатаң қысымшылыққа қарамастан аталған дәуірдің айтулы өкілі Шортанбай Қанайұлының кеңестік кезең тұсында жарияланған сәттері де болды. Бұл толғауларға тыйым салынған уақыттың өзінде әдебиетші-ғалымдар зар заман поэзиясы, оның өкілдері туралы жағымды пікірлер білдірді.

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, күрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманның өкілдерін атады; бұл дәуірдің басы мен соңына дейінгі аралықты белгіледі, сондай-ақ тарихи және теориялық негіздемелерін ұсынды. «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман ақындары» деп ат қойдық», – деген М.Әуезовтің тұжырымды сөзі кейінірек әдебиеттану ғылымында нақты ұғым ретінде қалыптасты. М.Әуезовтің байыптамасына сәйкес «отаршылдық дәуірде жасаған, ортақ сарынмен жыр төккен» ақындардың жалпы атауына, тұтас әдеби құбылыстың анықтамасына негіз болған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы 1870 жылы академик В.Радловтың «Оңтүстік Сібір және Жоңғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында басылып шыққан. Кейіннен қазақ әдебиетіндегі тұтас бір ағымның атауына айналған шығарма туралы В.Радлов осы кітаптың алғы сөзінде былай дейді: «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума дүниелер». Бұл жерде әңгіме Шортанбай жөнінде болып отырғаны анық. Сондай-ақ, Шортанбайдың Орынбай ақынмен айтысы да осы кітапта жарияланған.

Заманға сын айту қазақ ақын-жырауларының шығармаларында бұрыннан бар. Әйтсе де, тасқа басылған Шортанбай өлеңінен кейін «зар заман» тіркесі қасіретті кезеңнің, аянышты халдің қыр түрінде бейнелеуінің көрінісі ретінде қалыптаса бастаған.

Ақбота КУАНЫШБЕКОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиетінің
педагогтерін даярлау» магистрі

ПОНЯТИЕ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА И ЕГО ПРОГРЕСС



Лашын АЛИЕВ,
судья Специализированного
межрайонного суда по уголовным
делам Жамбылской области

ГЕНДЕР – (ПОНЯТИЕ ПРОИЗОШЛО ОТ АНГЛ. GENDER, ОТ ЛАТ. GENUS «РОД») СОЦИАЛЬНЫЙ ПОЛ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЙ ПОВЕДЕНИЕ ЧЕЛОВЕКА В ОБЩЕСТВЕ И ТО, КАК ЭТО ПОВЕДЕНИЕ ВОСПРИНИМАЕТСЯ. ЭТО ТО ПОЛОВОЕ ПОВЕДЕНИЕ, КОТОРОЕ ОПРЕДЕЛЯЕТ ОТНОШЕНИЕ С ДРУГИМИ ЛЮДЬМИ: ДРУЗЬЯМИ, КОЛЛЕГАМИ, ОДНОКЛАССНИКАМИ, РОДИТЕЛЯМИ, СЛУЧАЙНЫМИ ПРОХОЖИМИ И МНОГИМИ ИНЫМИ ОТНОШЕНИЯМИ, КОТОРЫЕ ОКРУЖАЮТ НАС В ЖИЗНИ.

Понятие о гендерной роли («gender role») заимствовал из грамматики и ввел в науки о поведении ученый Джон Мани в 1955 году – это социальный конструкт, набор характеристик, определенных культурой общества, которые идентифицируют социальное поведение мужчин и женщин и отношения между ними. Гендер конструируется через определенную систему социализации, разделения труда, принятые в обществе культурные нормы, роли и стереотипы, инструмент для понимания социальных процессов.

Смысловое содержание гендерной толерантности включает в себя непредвзятое отношение к представителям другого пола, недопустимость априорного приписывания человеку недостатков другого пола, отсутствие идей о превосходстве одного пола над другим.

На протяжении тысячелетий мужчины и женщины должны были исполнять различные социальные

обязанности, а представительницы прекрасного пола практически всегда сталкивались с дискриминацией. Современный гендерный подход становится сложнейшим социокультурным конструктором, отображающим различия между людьми, разными в поведении, социальной роли, эмоциональных и ментальных характеристиках. Согласно данному подходу, под гендером обычно понимают модель социокультурных отношений между женщинами и мужчинами в различных институтах современного общества.

Слово «гендерный» относится не к мужчине и женщине, а к понятиям мужской и женский, другими словами, речь идет о качествах или характеристиках, которые общество предписывает каждому полу. Понятие гендерный имеет глубокие корни и по-разному воспринимается как в рамках каждой культуры, так и в различных культурах, причем это понятие меняется со временем. Однако во всех

культурах гендерный фактор определяет уровень власти и ресурсов, которыми наделяются женщины и мужчины

В 70-х годах XX столетия гендерное равенство воспринималось только, как получение женщинами равноправия в политической, социальной и экономической жизни, и отсутствие дискриминации представительниц прекрасного пола по отношению к мужчинам. Впоследствии гендерные роли несколько сместились, а жители демократических стран пересмотрели обязанности в семье.

Гендерные роли, отношения, равенство, справедливость, анализ, баланс, выдвижение гендерных вопросов на передний план – за последнее десятилетие все эти термины были приняты и вошли в декларации, планы действий, политику, программы и проекты, касающиеся развития в целом.

В современном мире наша жизненная позиция формируется под влиянием многих факторов, одним из которых являются различного рода социальные стереотипы. Они играют значимую роль в отношении людей к какому-либо явлению и друг к другу. Социальный стереотип – это схематический, стандартизированный образ социального явления. Он выражает привычные отношения человека к какому-либо явлению, сложившиеся под влиянием социальных условий.

Основополагающие подходы по проблемам гендерного равенства сформулированы в нескольких документах ООН – Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин (1979 год), Пекинской платформе действий и Пекинской декларации (1995 год). В 2000 году принята декларация, определившая восемь целей развития мирового сообщества. Третья из целей предполагает расширение прав и возможностей женщин и достижение гендерного равенства.

В современном мире женщины лидируют не только в численности населения, но и доминируют как работники. Они преуспевают по сравнению с мужчинами в таких жизненно важных сферах, как образование, гуманитарные науки, здравоохранение, культура, сфера услуг и информации. Сегодня женщины составляют 21 процент в парламентах всего мира, 15 процентов директоров в тысячи крупнейших компаний мира – женщины. Но, несмотря на это, в обществе активно живет мнение, что женщина – это хранитель очага, хозяйка дома и прежде всего мать. Мир меняется, взгляды общества становятся современной, в подтверждение чему наблюдается рост женского лидерства, поэтапно увеличивается доверие женщинам-лидерам. Мировой опыт доказал, что участие женщин в политике и бизнесе благотворно влияет на развитие этих сфер.

Сложившаяся в последние годы ситуация в нашей стране позволяет сделать вывод о том, что «женский вопрос» в жизни казахстанцев стоит очень строго. Отсюда ясна причина устойчивого интереса исследователей к изучению проявлений гендерной дискриминации в различных сферах общественной жизни, а особенно в сфере труда.

За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Президент РК уделяет внимание вопросам равенства мужчин и женщин и инициирует объективную, реальную гендерную политику. В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения. В промышленно развитых и социально ориентированных странах женщины практически достигли равенства с мужчинами в вопросах своих прав и возможностей.

Благополучие женщины в повседневной жизни оказывает огромное положительное влияние на все общество и является показателем прогресса человечества в целом. В основе проблемы лежит укоренившаяся в сознании за много веков существования человечества ложная концепция о второстепенной роли женщины в человеческом обществе.

К сожалению, даже при определенном прогрессе в этом вопросе в нашем обществе сохраняется неравенство между женщиной и мужчиной. Поэтому в 2003 году была разработана и одобрена Правительством РК концепция гендерной политики. Основные ее принципы – гарантированные Конституцией РК равные права и свободы для женщин и мужчин.

Главные задачи концепции:


- сбалансированное участие мужчин и женщин во властных структурах;
- обеспечение равных возможностей для экономической независимости;
- развитие своего бизнеса и продвижение по службе;
- создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье;
- свобода от насилия по половому признаку.

Концепция разработана на основе Конституции РК, Стратегии развития Казахстана до 2030 года, национального плана действий по улучшению положения женщин в Казахстане, Конвенции ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин и других основополагающих документов.

Каждому необходимо учиться мыслить самому, не подвергаясь влиянию общественного мнения и их предрассудков. Только тогда возможно соблюдение прав каждого человека независимо от его пола и социального статуса.

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНДАРҒА ЖАЗА АУЫР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛА
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙҒАННАН КЕЙІН ТҰРМЫСТАҒЫ
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ
ҚАТАҢДАТАТЫН, СОНДАЙ-АҚ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН,
КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН
НЫҒАЙТАТЫН НОРМАЛАР БАР. ОНЫҢ БІРІ –
«ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАСАҚАНА ЖЕҢІЛ ЗИЯН КЕЛТІРУ»
ЖӘНЕ «ҰРУ» БАПТАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ КОДЕКСТЕН АЛЫНЫП, ҚЫЛМЫСТЫҚ
КОДЕКСКЕ ЕНГІЗІЛДІ.



Дәлірек айтқанда, Қылмыстық кодекс «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» деген жаңа 108-1-баппен толықты. Мұндай қылмысқа барғандар 200 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады, не 50 тәулікке қамауға алынады.

Өз кезегінде, құқықбұзушылықтарды ауырлататын екінші бөлік пайда болды, заң тәртібімен айтқанда – сараптаушы белгілермен толықтырылды. Мысалы, көрінеу кәмелетке толмаған адамның денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірілсе, айыппұл мөлшері 200 айлық көрсеткішке дейін емес, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейін болады. Құқық бұзушының тұлғасына қарай сот айыппұл немесе түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамау, бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

Ал жаңа 109-1-бап «Ұрып-соғу» деп аталады. Яғни, «тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге алып келмеген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау». Бұл қылмыстың жазасы – 80 АЕК дейін айыппұл не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 80 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 25 тәулікке дейін қамауға алуды көздейді. Осылайша, тіпті ең жеңіл түрде соққы жасаған адамның өзі ұзақ мерзімге қамауға алынады.

Бұл баптарды Қылмыстық кодекске көшірудегі басты мақсат – ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, оның ішінде кәмелетке толмағандар мен «кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді» адамдарға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жазаны күшейту. Заң нормалары қолданысқа енгізілген 2024 жылы Ақтөбе облысында ҚК-нің 108-1-бабымен «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бойынша 17 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 18 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал, 109-1-бап «Ұрып-соғу» бойынша 2024 жылы 44 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 26 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жауапкершілік едәуір күшейді. Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандарға қарсы денсаулыққа

зиян келтіруден бастап ұрлау мен өлтіруге дейінгі қылмыстардың тізбесі жүйеленген және нақты анықталған. Мұндай әрекеттерді жасаған адамдар татуласуға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатыла алмайды. Атап айтқанда: кәмелетке толмағандарды өлтіргені, зорлағаны, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі ең ауыр жаза қарастырылған. Балаларды ұрлағаны үшін бұдан былай 10 жылдан 15 жылға дейін (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін (бұрын 5 жылға дейін) бас бостандығынан айыру қарастырылған.

16 жасқа толмаған адамдарға сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осы нормалар қабылданғанға дейін мұндай жауапкершілік 14 жасқа толмағандарға тиіскені үшін ғана қарастырылған. Ол үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар не 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген. Сонымен қатар, айыпталушы белгілі бір лауазымдарды атқару және 3 жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылуы мүмкін. Балаларды ұрлағаны үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас бостандығынан айыру үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 5 жылға дейін) көзделген.

Бұл баптардың енгізілуіне қоғамда жиі тіркелетін заңсыз әрекеттер себепші болды. Қоғамдық көліктерде, көппәтерлі үйлерде балаларға, оның ішінде қыз балаларға жасалатын жыныстық сипаттағы ұсыныстармен немесе жыныстық сипаттағы жанасулармен ұштасқан әдепсіз әрекеттер үшін көп жағдайда қылмыс құрамы болмауына байланысты, жауаптылыққа тарту мүмкін болмай жатады. Осы себептен, аталған әрекеттер үшін де жауаптылық енгізілген.

Н. АЛИМБЕКОВ,
Ақтөбе облысы
Байғанин аудандық
сотының судьясы

СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚ



Алия ЖАҰАРОВА,
Қостанай облысының
мамандандырылған
ауданаралық
әкімшілік сотының
судьясы

**«ҚР АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ» ЗАҢДА ЖЕКЕ
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКТЕР, МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ
КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕР АЛДЫНДАҒЫ ҚАРЫЗДАРЫ
БОЙЫНША СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІН ҚОЛДАНУ
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ЗАҢ ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ
ТІРКЕЛМЕГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ҚАТЫНАСТАРҒА
ҚОЛДАНЫЛАДЫ.**

Негізінен соттан тыс банкроттық рәсімді аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешімдердің заңсыздығын мойындау жөнінде әкімшілік талаппен сотқа екінші деңгейдегі банктер, коллекторлық компаниялар және банкроттық рәсімі жүргізілген жеке тұлғалар жүгінеді.

Азамат төмендегі шарттарға қарамастан бес жыл ішінде несие берушілер алдындағы берешегін өтей алмаса, соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініш беруге құқылы:

- мүліктің болуы немесе болмауы;
- қатарынан 12 ай ішінде өтеудің болуы;

– шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімнің сақталуы не сақталмауы;

– өтініш берілген күні жеті жыл ішінде соттан тыс банкроттық рәсімнің қолданылуы не қолданылмауы.

Екінші деңгейдегі банк, ҚР бейрезидент банк филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым борышкердің өтінішіне жауап ұсынбаған жағдайда, осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат борышкер өтінішінің көшірмесі немесе өтініштің электрондық форматта жіберілгені туралы растамасы болып табылады.

Заңның 16-бабы 4-тармағына борышкер осы заңның 5-бабында қарастырылған мән-жайларға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысанда соттан тыс банкроттық рәсімді қолданудан бас тарту туралы хабарлама береді.

Уәкілетті органның соттан тыс банкроттық рәсімді өткізу мерзімі «электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

«Электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап келесі салдарлар туындайды:

– соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген борышкердің несие берушілер алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімі өткен болып есептеледі;

– борышкерден соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген несие берушілердің міндеттемелерін орындауын талап етуге тыйым салынады;

– соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген борышкердің несие берушілер алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыпақыны, өсімпұлды, айыппұлды және сыйақыны есептеу тоқтатылады;

– борышкерге ломбардтың микронесиелерін алудан басқа, өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады.

– борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімді қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезеңде

мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан ортақ бірлескен мүлікті қоса алғанда, оның мүлкі туралы ақпаратты уәкілетті органның алуға келісімі берілген болып есептеледі;

– борышкердің банктік шоттарынан несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға жол берілмейді;

– соттардың борышты өндіріп алу туралы шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Банкротқа соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жыл ішінде қарыз берілмейді (ломбардтардың микронесиелерін алудан басқа), сондай-ақ одан кепіл түрінде қамтамасыз ету қабылданбайды. Банктік қарыз және микронесие беру шарттары бойынша кепілдіктер мен кепілгерліктер.

Жоғарыда аталған заңның 48-бабына сәйкес, соттан тыс банкроттық рәсімдерді жүргізу кезеңінде уәкілетті орган уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Қаржылық жағдай мониторингі шеңберінде несие берушілер алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында борышкердің жеке мүддесінде жасалған іс-әрекеттерін тексеру жүзеге асырылады, оның нәтижелері рәсімді тоқтату үшін немесе банкрот міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін.

Мониторингті уәкілетті орган борышкер банкрот деп танылғаннан кейін үш жыл ішінде жүргізеді. Мониторингті несие берушілер жүргізуге құқылы. Банкроттың мемлекеттік тіркеуге жататын мүлкі, оның ішінде ортақ бірлескен мүлікті сатып алу фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган несие берушілерге мониторинг нәтижелерін жібереді.

Уәкілетті органнан ақпарат алған кезде олар азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес борышкерді банкрот деп танудың күшін жою және банкроттық рәсімді қайта бастау туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл норма соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдерін пайдалана отырып, несие берушілер алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтарғысы келетін жосықсыз борышкерлердің іс-әрекеттерінің жолын кесу мақсатында енгізілді.

АДАМ ӨМІРІ – ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА



Дархан БЕЙСОВ,
*Ақмола облысының
қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы*

ЕГЕР ЖЕКЕ АДАМ, ҚОҒАМ НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ҚАУІПТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР, ЯҒНИ, ҚЫЛМЫСТАР НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ ЕРЕКШЕ БӨЛІГІНЕ ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛСА, ОҢДА ҚОҒАМ ТАРАПЫНАН АТАЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚАУІПТІ ДЕП ТАҢУҒА НЕГІЗ БАР. ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ЗИЯН КЕЛТІРУ ҚАУІПТІЛІГІН АНЫҚТАУ ҮШІН ОЛАРДЫ САПАСЫ ЖӘНЕ САНДЫҚ СИПАТТЫЛЫҒЫНА БӨЛІП ҚАРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ.

Қауіпті іс-әрекеттердің зиян келтіру сипатын анықтау үшін қылмыстық заң оларды қол сұғушылық объектілері бойынша жіктеді. Сонымен қатар, қауіпті іс-әрекеттердің зиян келтіру қауіптілігін анықтау үшін ҚР Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінде қарастырылмаған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына кіретін қылмыстық қудалау шеңберіне түсетін тұлғаға қатысты жеке-дара мәліметтерді сипаттайтын мағлұматты мұқият зерделеуді қажет етеді. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және аталған кодекстің жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалуы қажет.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі, сотталушының жеке басы, оның ішінде қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ, тағайындалған жазаның сотталғанның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына әсері ескеріледі.

Қылмыстың уақыты, орны, оның қандай жағдайда жасалғаны, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтауға

көмектеседі, жазаны саралау құралы болып табылады, яғни нақты қылмыс құрамының саралау белгілерін анықтайды.

Сот үкім шығару кезінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді. Аталған мән-жайлар екі түрлі мағынаны білдіреді, біріншісі жасалған қылмысқа тікелей қатысы жоқтығы және қылмысты саралауға ықпалын тигізбейді. Олар тек жазаны тағайындайтын кезінде ғана ескеріледі. Екіншісі, ол Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігіндегі нақты баптың диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттер, осы себеппен олар қылмыстың дәрежелену белгілеріне жатқызылып кінәлі адамның жасаған іс-әрекеттерінің дәрежелену белгілеріне қатысып жазаны тағайындаған кезінде қайта қолданылмайды.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекске сәйкес, жаза тағайындау кезінде ескерілуге жататын жеңілдететін мән-жайлардың тізімі заң нормаларымен шектелмеген, ал жазаны ауырлататын мән-жайлардың тізімі Қылмыстық кодексте көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмаймыз. Заңды әрі объективті жазаны тағайындау кезінде сот ұсынылған қылмыстық іс бойынша зерделенуге жататын дәлелдемелердің негізінде әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза тағайындайды, яғни кінәлі адаммен жасалған заңға қайшы



іс-әрекеттердің сипаты мен қоғамға қауіптілігін көрсетіп уәжді сот актілерін шығару арқылы қол жеткізеді. Осы санатта тараптарға жоғары тұрған сотта сот үкіміне шағымдануға мүмкіндік беретін сот шешімдеріне шағымданудың құқықтық тетіктерін кеңейту мүмкіндігін атап өткен жөн.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 21 қарашадағы заңға сәйкес, ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 40-тарауы 310-1-бабымен толықтырылған, ол 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Аталған өзгерістерге сай, кассациялық сот бірінші сатыдағы соттардың үкімдері, қаулылары апелляциялық сатыда қаралғаннан кейін оларды қайта қарау туралы кассациялық шағымдарды, апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдерін, қаулыларын, бірінші сатыдағы соттың үкімдері мен қаулыларына олардың апелляциялық сатыда қайта қаралғанына не қаралмағанына қарамастан, апелляциялық сатыдағы үкімдер мен қаулыларға Бас прокурор мен оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылықтарын қарайды. Сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша, кассациялық сот өзінің соттылығына жатқызылған істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхаттарды қарайды. Осылайша, азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау мақсатында, тиімді сот қорғауын құру үшін заңнамалық деңгейде жағдайлар жасалуда.

Жоғарыда аталған тақырыптың мәселесі бойынша токетері, сот талқылауы барысында істердің барлық мән-жайларын мұқият анықталу қажеттілігінің маңыздылығын көрсетеді. Жасалған қылмысы үшін жауаптылық мөлшері әрбір нақты құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесіне және Қылмыстық кодексте көрсетілген басқа да ілеспе мән-жайларға байланысты болатыны анық.

Осы орайда ағымдағы жылы қабылданған қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша жаңа заңның кейбір ерекшеліктерін атап өтсек, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі №210-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қолданыстағы Қылмыстық кодекске келесі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдары енгізілді.

Олар «Сталкинг», «Некеге тұруға мәжбүрлеу», «Заңсыз банктік, микроқаржылық қызмет», «Заңсыз коллекторлық қызмет», «Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ, төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру», «Шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз алынған мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу», «Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерінің бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу», «Әуе кемесін басқаруға бөгет жасау», «Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» және өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңның 42-бабы 5-тармағына сәйкес, бұрын заңдық жауаптылыққа алып келмеген әрекеттер (әрекетсіздік) үшін заңдық жауаптылықты көздейтін не бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткенге дейін қолданысқа енгізілмейді.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған жаңа заңның 2-бабына сәйкес, заң 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9), 10) және 11) тармақшаларын, 12) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 13) тармақшасын, 44) тармақшасының үшінші абзацын, 61) және 62) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Дамыған қоғамда сұрақ тудыратын мәселелерді заң шеңберінде шешу, қылмыстық заңнаманы заманына сай етіп жаңарту, оған жаңа нормаларды енгізу арқылы, ҚР Конституциясында көрсетілген, яғни демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп танылған қағидаттарына қол жеткізіліп отырғаны анық.

ОТБАСЫН САҚТАУ – ҚОҒАМДЫ САҚТАУ

МЕДИАЦИЯ ДЕГЕН СӨЗДІҢ МАҒЫНАСЫН ЕКІ ЖАҚТЫ
ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМІ ДЕП ТҮСІНДІРУГЕ БОЛАДЫ.
МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ЖАТ ЕМЕС.
КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАР АРАСЫНДА ТУЫНДАҒАН ДАУ-
ДАМАЙЛАРДЫ БИЛЕР, ШЕШЕНДЕР НЕМЕСЕ БЕДЕЛІ БАР
ЖЕРГІЛІКТІ АҚСАҚАЛДАР ӘДІЛ ШЕШІП ОТЫРҒАН. БИЛЕРДІҢ
НЕГІЗГІ ШЕШЕТІН МӘСЕЛЕСІ КЕЛГЕН ШЫҒЫНДЫ ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРІП, ДАУЛАСУШЫЛАРДЫ БІТІМГЕ ЖЕТКІЗУ.



Жалпы, медиация – үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін, дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Үшінші тарап дегеніміз – медиатор. Медиатор – ол даудың немесе сотта қаралатын істің қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі, ол дауды реттеу мен оны шешудің шарттары жөнінде шешім қабылдау үдерісін толығымен бақылап отырады.

Медиацияның мақсаты – дауды (дау-шарды) шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына

қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта осы кодекске және Қазақстан Республикасының заңна-

масына сәйкес жүргізіледі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімде, егер оның шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын болса, бекітпейді. Егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықтың дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қарқынды жалғасуда. Өркениетті елдердегідей бейтарап тәртібімен медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал ету медиацияда жүзеге асырылады.

Соңғы кездері азаматтардың отбасылық дауларға (келіспеушіліктерге), қатысты талап қоюларын қараусыз қалдыру туралы ұйғарымдарының (іс бойынша тараптардың татуласуларына байланысты, әсіресе некені бұзу туралы істер бойынша) саны күрт өскені байқалады. Бұл үрдіс судьялардың татуластыру жұмыстарын тынымсыз жүргізіп отырғанына байланысты.

Статистикаға сүйенсек, 2023 жылы Түркістан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өндірісіне түскен азаматтық істердің саны – 1904, істердің медиация тәртібімен тоқтатылғандар саны – 100, қараусыз қалдырылғандары – 174, іс бойынша іс жүргізуі тоқтатылғандары – 137.

Ал 2024 жылы сотқа түскен азаматтық істердің саны – 4235 құрайды. Істердің медиация тәртібімен тоқтатылғандар саны – 106, қараусыз қалдырылғандары – 628, іс бойынша іс жүргізулер тоқтатылғандары – 288.

Медиация институтының аясын кеңейту, тиімділігінің мағынасын халыққа жеткізу және халықтың, ең бастысы, балалардың мүдделерін қорғау үшін отбасылық дауларды барынша кеміту, сонымен қатар, соттан тыс дауды реттеу және татуласу рәсімдерінің тиімді жақтарын кеңінен түсіндіру қажет.

Осы мақсатта татуласу рәсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында халыққа, мекемелерге

кездесу ұйымдастырып түсіндіруге, әлеуметтік желілер арқылы посттар, БАҚ-тарда мақалалар жариялап, тараптарға дауларды шешудің ең қолайлы әдісін таңдауына және татуластыру рәсіміне жүгіну құқығын және тиімді тұстарын түсіндіру қажет.

Баршаға аян, Мемлекет басшысының қолдауымен ҚР Жоғарғы Сотының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарын құру мақсаты – отбасын сақтау, соның арқасында қоғамдағы ынтымақты нығайту екені белгілі. Мемлекет құру, егемендікті нығайту жолында бірден-бір заманауи, креативті пікір деп осыны айтса болады.

Өйткені, отбасын сақтау – қоғамды сақтау, болашақтың кепілі. Біздің келешегіміз балалар толық отбасында өсіп жақсы тәрбие, сапалы білім алса, ізгі ниетті азамат, жақсы адам ретінде қалыптасады.

Гуманист, жазушы, ойшыл ғұлама Ф.Достоевский «Бүкіл әлемнің бақыты бейкүнә баланың бетіндегі бір көз жасына татымайды» – деген.

Ал енді кез келген ізгі ниет, жақсы пікір жұмыс істеуі тиіс, ескі газет беттеріндегі тезис күйінде сарғайып жатпауы керек. Құралды қолға ұстатты ма, ол тот басып жатпау үшін оны үнемі қолдану керек.

Осы тұрғыда судьялар істі қарау барысында татуластыру мақсатында жұмыстар атқарады, тараптарға татуласқанның, ымыраға келгеннің артықшылықтарын, балалардың мүдделеріне аса көңіл аудару қажеттілігін түсіндіреді, осы тақырыпта түсіндіру, әңгімелесу жұмыстарын жүргізеді. Яғни, судьялар осы мақсатта жоғары деңгейде жұмыс жүргізетінінің белгісі.

Сондықтан, сотта қаралатын істерді, әсіресе некені бұзу туралы даулар бойынша асықпай, егжей-тегжейлі зерттеп, татуласуға жеткілікті мерзім беріп (заңда алты ай қарастырылған), сот отырыстарына жеткілікті уақыт бөліп қараған жөн.

Осы мақсатта сот отырыстарына қатысатын психолог мамандардың рөлін күшейту қажет, олар қатысатын істер санатының аясын кеңейткен жөн.

Әр татуласумен аяқталған істің аржағында балалардың сыңғырлаған күлкілері, бақыты тұр, өйткені ең қымбат, ең қажет адамдар – анасы да әкесі де қасында деген сөз.

С. АБСАМАТОВ,

Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ТӘРТІБІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

□ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ ҚР
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ 13-БӨЛІМІНДЕ АЙҚЫНДАЛҒАН.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру: 1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша

– күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда

– кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға, тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында;

3) ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша кінәні мойындау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім мына шарттар болған кезде ғана, атап айтқанда, күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған; жәбірленуші іске қатысқан жағдайда, ол процестік келісім жасасуға келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Процестік келісім жасаған жағдайда жәбірленуші залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады. Процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін күдіктінің, айыпталушының процестік келісімнен бас тартуға құқығы бар. Тараптардың

процестік келісім жасасудан бас тартуы оны қайтадан жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Процестік келісімде оның жасалған күні мен орны, процестік келісімді жасасушы прокуратура органының лауазымды адамы, келісім жасасушы күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, тұрғылықты жері және айналысатын кәсібі, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ осы кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау, ҚР Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы, процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормалары, процестік келісім жасасқаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер; прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері; процестік келісім жасасудың Қылмыстық-процестік кодекстің 614-бабында көзделген салдары, жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісетіні туралы көрсетілуге тиіс.

Процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы ҚР Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды.

Әйгерім БАЙСОЛТАНОВА,

*Павлодар қаласы қылмыстық істер
жөніндегі ауданаралық сотының судьясы*

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес
келе бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;

МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;

МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА
ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;

ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;

МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;

МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;

МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 15.10.2025 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2025 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 10. Таралым 2000.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru